

Тәуелсіздіктің біздің
бәрімізге артар міндеті
мол. Енді еңселі ел болудың
жолына шындап түсуіміз
керек. Әулетіміздің асуы
да, дәулетіміздің тасуы да
өз қолымызда.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ӘЛЕУМЕТ



ҚАЗАҚСТАНДА –
БЕБИ-БУМ

7

БАЙҚАУ



«ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ
ОРТАҚ»

9

ЖАҚЫНЫҢА
ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 5 қарашадағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
1 000 485

II компонентпен
948 425

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

06.11.2021

Түнде:

-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің
жылдамдығы:
7-12, екпіні 15 м/с

07.11.2021

Түнде:

-3-5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+3+5 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
7-12, екпіні 15 м/с

«ЖАҢА АЛМАТЫ»
ГҮЛДЕНЕ БЕРЕДІ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Кеше, 5 қарашада Қазақстан Баспасөз клубында «Жаңа Алматы» кешенді жоспарын жүзеге асыруға арналған «Дөңгелек үстел» өтті. Іс-шараға Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері, сондай-ақ Алатау және Наурызбай аудандарының әкімдері қатысып, қаланың жаңа және ескі аудандарын абаттандыру бойынша жетістіктері

мен алдағы жоспарларын талқылады. «Дөңгелек үстелге» қатысушылар «Жаңа Алматы» бағдарламасының қаланы полицентрлі үлгі бойынша дамытуға бағытталғанын атап өтті. Мақсат – өмір сүру үшін қолайлы жағдай жасау, қала тұрғындарының белсенді демалысы үшін жаңа қоғамдық кеңістік қалыптастыру.

4

ҚАЛА-ҚАРБАЛАС



Алматыда 3-4 қарашада 8 см. қар түсті, тау бөктеріндегі аудандарда жауған қардың көлемі – 10 см., таулы аудандарда – 15 см.-ге жетті.

ҚАР ТАЗАЛАУ ҚЫЗУ ЖҮРГІЗІЛДІ

Қар жауа бастағаннан-ақ жолдарды, тро-
туарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, қо-
ғамдық көлік аядамаларын және басқа да ха-
лық көп жиналатын жерлерді тазарту
жұмыстары жүргізілді. Негізгі магистральды
көшелерді қардан түгел тазарту жұмыстары
ұйымдастырылды. Күндіз 4 қарашада түскен
қарды тазалауға 54 бірлік қар күрейтін техника,
49 самосвал мен 9 автогрейдер, сондай-ақ 1400
жол жұмысшысы жұмылдырылды. Сыртқа

1349 м³ қар шығарылды. 4 қарашадан 5 қараша-
ға қараған түні 37 қар тиегіш, 36 самосвал,
9 автогрейдер және 236 жол жұмысшысы көше-
лерді қардан тазартумен айналысты. Сыртқа
891 м³ қар шығарылды. 5 қараша күні таңғы
сағат 09.00-де сыртқа барлығы 2240 м³ қар шы-
ғарылды.

Алдағы екі күнде ауа температурасы төмен-
дейтіні болжанып отыр.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚЫСҚА...

- Оңтүстік астанада вакцина алғандар саны 1 миллионнан асты.
- Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының 100 жылдығы аталып өтті.
- Шаһарда «Шебер – 2020/2021. Біздің ауыл» байқауының жеңімпаздары марапатталды.
- Қаладағы көпқабатты үйдің қабырғасында апорт алмасы бейнеленген мурал пайда болды.
- Алматыда «Сергек» камералары арқылы борышкерлерді анықтау рейдтері өтуде.

www.almaty-akshamy.kz





ЖАҢА ЖОБА

ҚАУІПСІЗДІКТІҢ СЕРВИСТІК МОДЕЛІ

жаңа әдістерді қолдануға негізделмек



Кеше Алматыда ҚР Ішкі істер министрлігінің М.Есболатов атындағы академия базасында қоғамдық қауіпсіздіктің сервистік моделіне көшу мәселесі бойынша мамандандырылған семинар-тренингтер өтті.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров семинарды аша отырып, полицияның сервистік моделін енгізу жұмыстары Мемлекет басшысының Жолдауын орындау аясында жүргізіліп жатқа-

нын атап өтті. Басты міндет – халықпен бірлескен жұмысты күшейту арқылы қылмыстың алдын алудың тиімділігін арттыру. Сервиске бағытталған полиция қызметі – полиция мен қоғамға жаңа әдістерді қолдану арқылы қылмысты, құқық қорғау және қауіпсіздік мәселелерін ынтымақтастықпен шешуге мүмкіндік беретін модель.

Бүгінде Алматыда «сервистік полиция-

ны» енгізудің пилоттық аумағын шағынаудан деңгейінен ірі аудан деңгейіне жеткізу мақсатында Алатау ауданына (ауданда 300 мыңнан астам адам тұрады) енгізілді. Сондықтан аталған аумақты картаға дұрыс түсіру, құқық бұзушылықтың алдын алу мен қоғамдық қауіпсіздікті нығайтудың қосымша шараларын талдау және әзірлеу мақсатында ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелері үшін семинар-тренингтер өткізіледі.

Семинар-тренингтің мақсаты – ведомствоаралық жұмыс тобының мүшелерін полиция қызметіндегі заманауи әлемдік тәсілдерге, деректермен жұмыс жасауға, сондай-ақ полицияның сервистік моделі тұжырымдамасы аясында халықпен өзара іс-қимыл бойынша әрекет етуге оқыту. Ведомствоаралық жұмыс тобының құрамына қалалық басқармалардың, Алматы қаласы Полиция департаментінің, прокуратураның және ҰЕҰ өкілдері кіреді. Семинарға қоғам қайраткері, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының (ЕКЫҰ) полиция реформасы жөніндегі кеңесшісі Эльмира Хисамутдинова қатысты.

Биылғы жылдың маусым-қараша айларында полицияның сервистік моделі Алматы қаласының екі ауданында іске қосылды, олар: Бостандық ауданының «Керемет» ТК және Алатау ауданының «Өжет» шағынауданы. Пилоттық жобаны іске асыру қорытындылары оның тиімді екенін көрсетті.

БРИФИНГ

«БІР ҮЙ, БІР БІРЛЕСТІК, БІР ЕСЕПШОТ» немесе тұрғын үйді басқару жүйесіндегі жаңашылдық туралы



Алматы қаласының Тұрғын үй саясаты басқармасы басшысының орынбасары Нұрбол Қажин Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте мүлік иелерінің бірлестігі (МИБ) мен жай серіктестікке (ЖС) ауысудың артықшылықтары туралы айтты. Сондай-ақ, бүгінгі таңда мегаполисте 600 МИБ тіркелгенін және 2182 ЖС таңдалғанын хабарлады.



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Заң талаптарына сәйкес, еліміздегі барлық көппәтерлі үйлер 2022 жылдың 1 шілдесіне дейін үйді басқару органына ауыстыруы тиіс. Жұмыс істеп тұрған

ПИК-тің орнына «бір үй – бір мүлік иелерінің бірлестігі – бір шот» қағидаты бойынша МИБ немесе ЖС құрылуға тиіс.

«Бүгінде Алматы қаласы бойынша 2975 көппәтерлі тұрғын үйді қамтитын 2782 жаңа басқару нысаны тіркелген. Бұл тұрғын үй қорының жалпы санының 39%-ы ғана. Осы орайда айта кетсек, бірнеше

көпқабатты үйдің тұрғындары көбінесе бір МИБ-ті немесе ЖС-ті тіркейді. «Долина роз», «Керемет», «Премьера» және басқа да тұрғын үй кешендері осындай қағидатқа негізделген», – деді Н.Қажин.

Спикер атап өткендей, МИБ пен ЖС-ке көшкен үй тұрғындары тұрғын үй қорын күтіп-ұстауға жұмсалатын шығындардың қандай екенін көре алады. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық реформасы үйлерді күтіп-ұстау сапасын арттыруға мүмкіндік береді, өйткені мұны тұрғындардың өздері жасайды.

«Алматы қаласында еліміздегі ең ірі тұрғын үй қоры бар. Оның 820-дан астамы басқару органдарына қызмет көрсететін 8645 көпқабатты тұрғын үй. Олар – МИБ, ЖС, ПИК. Бүгінгі таңда 50-ге жуық иесіз басқару органдары жойылды. Бұл ретте 7517 көпқабатты тұрғын үй ғана басқарудың жаңа нысандарына көшуге жатады. Қалғандары ескірген деп танылды немесе олардың меншік иелері Қазақстандық Ипотекалық компания, коммуналдық тұрғын үй қоры болып табылады», – деді Н.Қажин.

Спикер қала тұрғындары басқарудың жаңа формаларына көшу қарқынын арттыру қажеттігін атап өтті. Әкімдік көпқабатты үйлер тұрғындарының бастамасын қолдауға және мәселені шешуге көмектесуге әрқез дайын. Ол үшін 8 мобильді топ құрылып, қалалық жол картасы, сондай-ақ тұрғындар арасында жиналыстар өткізу кестесі бекітілген.

Сөзін түйіндеген Н.Қажин алматылықтарды осы мәселе бойынша кеңестер алу үшін Достық даңғылы, 85 мекенжайы бойынша Әлеуметтік қызметтер үйінің ғимаратына хабарласуға болатынын, онда «бір терезе» қағидаты шеңберінде ақпараттық көмек көрсетілетінін атап өтті. Мегаполис тұрғындарына Call-орталықтың 225-14-31 нөмірі бойынша да кеңес беріледі. Бүгінге дейін бұл тұрғыда 2500 адам ақпараттандырылған.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда
2240 м³ қар
сыртқа шығарылды.



Мегаполистің Алатау
ауданындағы үйлердің
75%-Ы
орталық су жүйесімен
қамтамасыз етілді.



2022 жылы Алматыда
45 әлеуметтік
нысан салу
жоспарланып отыр.



Оңтүстік астанада жаяу
серуендеуге арналған
110 аймақ
бар.



2030 жылға дейін
Алматыда
38 көше мен
даңғыл
ұзартылып, кеңейтіледі.



Қала бойынша күнделікті
137 вакциналау
пункті
жұмыс істейді.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ-2021

САНАҚТАН ӨТУ – АЗАМАТТЫҚ ПАРЫЗ

Жеке деректерін беруден бас тартқаны үшін
азаматтарға айыппұл қарастырылған

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Биылғы халық санағы 1 қыркүйекте басталды. Санаққа қазақстандықтар онлайн-режимде де, дәстүрлі тәсілмен де қатысты. Маңызды науқанды бақылау мақсатында 1 қарашада басталған аралау науқаны 8 қарашаға дейін жалғасады.

«Заңнамада алғашқы статистикалық деректерді, оның ішінде халық санағы кезінде ұсынбағаны үшін жауапкершілік қарастырылған. Бұл – әлемдік тәжірибе. Қазақстанда бұл норма ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 497-бабында жазылған. Бұл статистика органдары тарапынан қандай да бір қысым көрсетілетінін білдірмейді. Себебі, респонденттерді жауапқа тарту емес, жаппай ақпараттық-түсіндіру жұмыстары арқылы барлық азаматты сауалнамамен қамту мақсаты қойылған. Сонымен қатар, сұхбат алушылардың алдында респондентке халық санағының маңыздылығы туралы түсіндіру міндеті тұрды. Бұрынғы халық санағының нәтижелері бойынша ешбір респондент қандай да бір жауапкершілікке тартылған жоқ», – деп нақтылап атап өтті Ұлттық статистика бюросының баспасөз қызметі.

Дана АҚӘДІЛҚЫЗЫ,
заңгер:

– Жалпы, халық санағына деректерді ұсынбау, яғни санақтан өтуден бас тарту әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соғады, жеке тұлғаларға Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 497-бабына сәйкес, ескерту шараларынан соң, 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салынады.

Дегенмен, бұл жаппай барлық азаматты жазалау деген сөз емес. Азаматтар халық санағының маңыздылығына мән берген жөн.

Әрбір дұрыс ақпараттың құндылығы мынада: мемлекетіміздің халқының нақты жағдайын білуге ғана емес, демографиялық, әлеуметтік және саяси өмірінің көптеген аспектілеріндегі жағдайды болжауға мүмкіндік береді.

Яғни бұл дегеніміз – халықтың жағдайына нақты әрі дұрыс талдау жасап, алдағы мемлекеттік тиімді стратегиялық жобалар мен бағдарламалардың іске асуына негіз болмақ. Сондықтан халық санағына қатысу – бәріміздің азаматтық борышымыз.

ҒАСЫРМЕН ҚҰРДАС
КЕЙУАНА

Санақтың негізгі кезеңі аяқталғаннан кейін осы аптада инструктор-бақылаушылар интервьюерлермен бірлесе отырып, әрбір есептік аймақтағы тұрғын үйлердің 10 пайызын қамтитын респонденттерге сауалнама жүргізуде.

Наурызбай ауданындағы бақылау сапары кезінде «Шұғыла» шағынауданының жеке секторында инструктор-бақылаушылар 10 адамнан тұратын көпбалалы отбасын тіркеді. Отбасының ең үлкені 103 жастағы апа және оның 81 жастағы ұлы екен. Ауданның ең үлкен тұрғыны 1918 жылы дүниеге келген. Сұхбатшылар бүкіл отбасын санақтан өткізіп, респонденттерге ұзақ және бақытты өмір тіледі.

Қандай да бір себептермен санақтан өтпей қалған тұрғындар болса, www.sanaq.gov.kz санақ сайты арқылы өтуге болады немесе қала телефонынан 1446 нөміріне, ұялы телефоныңыздан 88000800878 нөміріне тегін қоңырау шалып, санақтан өтпегеніңізді хабарлауға болатынын естеріңізге саламыз. Алматы қаласы бойынша санақ бөлімінің телефоны 8 (727) 330-89-16.

Қазақстанда әркім маңызды!

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



Ы.АЛТЫНСАРИН – 180



ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ

адам капиталын дайындауда үлкен басымдыққа ие

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Кеше шаһарда Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының 100 жылдық мерейтойына арналған іс-шара өтті. Шара Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішіне гүл шоғын қою рәсімімен басталып, Алаш арысының музей-үйіндегі кездесумен жалғасын тапты.



Кездесуге ұлт зиялылары, білім беру саласының құрметті азаматтары, оның ішінде Аягүл Миразова, педагогика ғылымының докторы, профессор, Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық академияның бас ғалым-хатшысы Жауынбай Амантұрлыұлы, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Айдарұлы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының басшысы Анар Фазылжан, т.б. қатысты.

Шараның мақсаты – ҚР Президенті Қ.Тоқаев бекіткен «Ұлттық рухани жаңғыру» жобасы аясындағы жұмыстарды жас ұрпаққа үлгі ету.

Нұрбек ПҰСЫРМАНОВ,
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясының ғылым жөніндегі вице-президенті:

– Бүгінгі шаралар Ұлттық Білім академиясының 100 жылдығы және ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы, Ы.Алтынсариннің 180 жылдығы аясында ұйымдас-

тырылып отыр. Ұлттық Білім академиясының ашылуы 1921 жылы академиялық орталықтың құрылуымен байланысты. Ал бұл сол кезде алғаш жетекшілік еткен Ахмет Байтұрсынұлының еңбегі деуге толық негіз бар. Себебі, бұл – тарихи сабақтас-тық. Ахмет Байтұрсынұлы – Ыбырай мектебінің түлегі.

Бүгінде бұл білім ордасы эволюциялық даму кезеңдерінен өтіп, ұлттық академия деңгейіне көтерілді. Сондықтан біз Қостанайдан басталған «Ыбырай ізімен» атты экспедицияны Алматы қаласына келіп, А.Байтұрсынұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қоюмен жалғастырдық. 1988 жылы 4 қарашада А.Байтұрсынұлы ақтау мәселесі басталды. Сол тұста ағартушы-ғалымды ұлт зиялысы ретінде халыққа таныстырды. Ұлттық Білім академиясы қазір елімізде адам капиталын күшейтуде үлкен басымдыққа ие. Білім мазмұны, оқу бағдарламаларын дайындау академияның құзыретіне кіреді. Қазіргі орта білім беру жүйесі

академия дайындайтын құжаттар негізінде іске асырылып жатыр.

А.Байтұрсынұлы Орынборда алғаш құрылған академиялық орталықты жүргізуге, әрі қарай қызметін дамытуға мүмкіндік берді. Өзінің «Әліппе» оқулығын да ол осы академия ғимаратында отырып жазған. М.Жұмабаев, М.Дулатов, Қ.Жұбанов сынды ұлт зиялылары осы академияда қызмет еткен.

Сондай-ақ, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғимаратында академия ардагерлері мен білім саласына еңбек сіңірген тұлғалар құрметіне салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Жылдан білім беру саласының құрметті қызметкерлері, қоғам қайраткерлері және академияда ұзақ жыл бойы қажырлы еңбек етіп, қазақ білімінің дамуы мен өркендеуіне үлес қосқан ғалымдар қатысты.

Әділхан ТӨЛЕГЕНҰЛЫ,
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық Білім академиясы орта білім институты директорының орынбасары:

– Ахмет Байтұрсынұлы негізін қалаған академия тарихы 1921 жылы басталады. Содан бері 100 жыл ішінде қазақстандық білім берудің мазмұны, жалпыға білім берудің стандарттары, білімді дамытудың тұжырымдамасы, бағдарламалар, әр пән бойынша оқу әдістемесі осы академияда жасалып, тәрбие мәселесінде қарастырылады. Яғни бүкіл білім беру жүйесі осы академиядан басталады. Академияда 100 жыл ішінде көптеген көрнекті ғалымдар жұмыс істеді. Техникалық, кәсіптік, жоғары білім беру деңгейі саласында беделді ғалымдар қызмет етті.

Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.



ЖАҢА МАРШРУТ

Рая
ЕСКЕНДІР

Қала тұрғындары мен қонақтарына енді «Медеу» мұз айдынына бару еш қиындық туғызбайтын болды.

Алматы қалалық мобильділік басқармасының хабарлауынша, бүгіннен бастап №9 жаңа экспресс маршруты жолға шықты. Автобустар қаламыздағы Б.Шолақ атындағы спорт сарайы, «Алатау» қонақүйінің аялдамасы арқылы «Мұзтау» ықшамауданына, яғни таудағы «Медеу» мұз айдынына дейін қатынайтын болады. Автобустардың жүру уақыты таңертеңгі сағат 9.00-ден кешкі 19.00-ге дейін. Демалыс және мереке күндері де қатынайды. Жол жүру құны – 200 теңге.

«Медеу» мұз айдынының 50-ші маусымы 5 қараша күні ашылды.



«ЖАҢА АЛМАТЫ» ГҮЛДЕНЕ БЕРЕДІ



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

(Соңы. Басы I-бетте)

Жиында Алматы қаласы Стратегия және бюджет басқармасының басшысы Алмас Батанов қаланы дамытудың 2020–2024 жылдарға арналған кешенді жоспарының қалай іске асырылып жатқаны туралы мәлімдеді. Оның айтуынша, «Жаңа Алматы» жобасы қалаға жаңадан қосылған аумақтардағы проблемалық мәселелерді шешетін болады. «Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев инфрақұрылымдағы келеңсіздіктерді білу үшін қала шетіндегі тұрғындармен жиі кездесіп жүрді. Мысалы, 105 мыңнан астам тұрғыны бар Наурызбай, Алатау, Медеу, Түркісіб, Бостандық және Жетісу аудандарының 23 ықшамауданында орталық сумен жабдықтау және су бұру болған жоқ. Бағдарламаның арқасында 15 шағынауданда желі құрылысы бас-



дау бөлімшесінің жаңа корпусы, №7 МКА қабылдау бөлімінің корпусы салынуда.

Сонымен қатар, «Саялы», «Қарасу», «РВ-90», «Жас қанат», «Ақжар» ықшамаудандарында және Айбасов көшесінде, «Қарағайлы» ықшамауданында 500 орынды емхананың және №16 емхана ғимаратының сейсмотұрақтылығын күшейту құрылысы үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

БИЗНЕСТІ ДАМУДЫҢ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

«Дөңгелек үстелде» сөйлеген сөзінде қалалық Стратегия және бюджет басқармасының басшысы Алмас Батанов шет елдерде бизнесті дамыту «Жаңа Алматыны» дамыту кешенді жоспарының бағыттарының бірі екенін атап өтті.

«Жаңа Алматы» ДКЖ жүзеге асыру аясында өткен жылы құны 28 млрд. теңге болатын «Hyundai Trans Kazakhstan» ЖШС автокөлік құралдарын шығаратын зауыт іске қосылды. Сондай-ақ, металл өңдеу және жылжымалы қоршау конструкцияларын, Автоматты қақпаларды өндіру бойынша «Дор-Хан-Алматы» ЖШС зауыты пайдалануға берілді.

Қағаз сүлгілер мен майлықтар шығаратын «Paripone» ЖШС жаңа цехының құрылысы аяқталды.

Сондай-ақ, А.Батанов «Солнечный» ЖШС сүт зауытын жаңғырту аясында өнім ассортиментін кеңейту және тұздықтар, майонездер мен кетчуптер өндіру, өсімдік майын құю бойынша кешен салу үшін қосымша жабдық сатып алынғанын хабарлады. Кәсіпорынның қуаттылығы жылына 10 мың тоннадан 30 мың тоннаға дейін артады.

Ағымдағы жылдың соңына дейін «Каз-Диа-Тест» ЖШС медициналық мақсаттағы диагностикалық тестілерді өндіру зауытын іске қосу жоспарлануда. Қазіргі кезде іске қосу-жөндеу жұмыстары, электр жеткізу, жабдықты орнату жүргізілуде.



талды. Олардың құрылысы аяқталғаннан кейін 71 мыңнан астам тұрғын коммуникациялармен қамтамасыз етіледі», – деді А.Батанов.

Бүгінде «Жаңа Алматы» ДКЖ аясында 428 жоба жүзеге асырылуда. Оның 69-ы 2020 жылы орындалған. Ағымдағы жылы 286 жоба іске асырылу сатысында, тағы 73 жоба келесі жылдары қолға алынатын болады.

Сонымен қатар, Алмас Батанов «Жаңа Алматының» көлік құрылымын қалыптастыру туралы айтты. Мегаполистің көше-жол желісінің жалпы ұзындығы 3097 шақырымды құрайды. Бұл ретте қалаға қосылған шағынаудандарда 299 шақырым жолдың қатты жабыны жоқ. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесін 80%-дан 83%-ға дейін жеткізу жоспарлануда.


«Шаңырақ-5», «Нұршашқан», «Самғау», «Әлмерек», «Қайрат», «Өжет» ықшамаудандарында жол құрылысы мен күрделі жөндеу аяқталды. Сондай-ақ, ұзындығы 201,1 шақырым 206 көшенің орташа жөндеуі аяқталды, «Думан» шағынауданының 59 көшесінде 30,5 шақырым жол күрделі жөндеуден өтті. Ұзындығы 6,7 шақырым болатын Абай мен Саинның екі радиалды көшелерін тесу жүріп жатыр», – деді А.Батанов.

Сонымен қатар, «Таусамалы» кентіндегі Яссауи көшесінен Рысқұлов көшесіне дейін ұзындығы 1,2 шақырым болатын Алматы көшесін қайта жаңарту аяқталды. Рысқұлов – Емцов, Сейфуллин – Жансүгіров көшелері мен Бұқтырма – Құлжа трактісіндегі көлік айрықтарының құрылысы кестеге сәйкес жүргізілуде.

2022 жылдың бірінші тоқсанында қала маңындағы жолдар қауіпсіз болады. 12 бағдарламалық объектісі орнатылады, 10 реттелетін және 30 реттелмейтін жаяу жүргіншілер өткелі жасалады.

Сонымен қатар, «Жаңа Алматы» кешенді даму жоспарын жүзеге асыру қарқынын талқылауға арналған «Дөңгелек үстелде» әлеуметтік инфрақұрылым мен тұрғын үй құрылысының қарқыны талқыланды.

Түркісіб ауданы «Жас қанат» ықшамауданында 41 көпбөлімді тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Және «Шұғыла», «Алғабас» және «Жас қанат» ықшамаудандарында салынып жатқан 222 көпқа-



батты үйге инженерлік-коммуналдық инфрақұрылым жүргізілді.

Жаңа Алматы шағынаудандарын кешенді дамыту мектептер, балабақшалар мен емханалар салуды көздейді. Стратегия және бюджет басқармасының басшысы А.Батановтың айтуынша, қазіргі уақытта Алатау, Наурызбай және Түркісіб аудандарында 7 мектеп пен 12 жаңа мектеп корпусының құрылысы жүріп жатыр.

«Таусамалы» және «Ақжар» ықшамауданында 240 орынды екі балабақша пайдалануға берілді. 2021 жылдың желтоқсан айында 120 орынды тағы біреуі, ал 2022 жылы «Жас қанат» шағынауданында 280 орынды балабақша пайдалануға беріледі.

Бұдан басқа, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша сапалы медициналық қызметтермен қамтамасыз ету мақсатында шеткі шағынаудандарда отбасылық дәрігерлік амбулаториялар ашылуда. «Кемел» ықшамауданында ОДА, «Балаларға шұғыл медициналық көмек көрсету орталығы» қабыл-

«Жаңа Алматыны» дамытудың кешенді жоспарын жүзеге асыру қарқынын балқылау барысында Наурызбай ауданының әкімі Санжар Тоғай жаңа жолдар салу және қолданыстағы жолдарды жөндеу туралы айтып берді.

Наурызбай ауданында жалпы ұзындығы 289 шақырым болатын 348 көше, биыл жалпы ұзындығы 19 шақырым болатын 29 көшеге, оның ішінде «Тастыбұлақ» шағынауданында жалпы ұзындығы 13 шақырым болатын 18 көшеге асфальт төсеу жұмыстары толық көлемде аяқталды.

Наурызбай ауданында қазіргі кезде ұзындығы 4,9 шақырым тоғыз көшеде жол құрылысы аяқталып қалды, ұзындығы 1,2 шақырым төрт көше мен тұйық көшелерге асфальт төселетін болады. Сондай-ақ, «Ақжар» шағынауданының 89 көшесінде, «Шұғыла» шағынауданының 26 көшесінде жол құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде және Төле би көшесін үңгілеу жобасы әзірленді.

Сөзінің соңында Наурызбай ауданының әкімі көшелерді жарықтандыру мәселесін шешу туралы айтып берді. Биыл 312 көшені жарықтандыру бойынша жұмыстар орындалды. Сондай-ақ, 59 көшеде сыртқы жарықтандыру желілерін тарту жоспарлануда.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



БРИФИНГ

ASHYQ-ТЫҢ КӨМЕГІ КӨП

Вакцина алғандар 1 млн.-нан асты

Алматының санитарлық дәрігерлері осы күзде респираторлық аурулардың белең алғанын айтып отыр. Шаһарда 1 қыркүйектен бері ЖРВИ жұқтырудың 74 мыңнан астам жағдайы тіркелген. Ал өткен жылы осы кезеңде барлығы 17 731 жағдай еді. Айырмашылық жер мен көктей.



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Сәдуақас Байғабылов айтты. Спикер алматылықтарды санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларын сақтауды жалғастыруға шақырды. Өйткені, шекаралас елдерде ковидпен байланысты эпидемиалар өте нашар. Сонымен қатар, коронавирус ЖРВИ ретінде маскировка жасай алады деп отыр мамандар.

«Қалада эпидемиологиялық жағдай оптимистік сценарий бойынша дамып келе жатқанына қарамастан, жеке қорғаныс құралдарын назардан тыс қалдырмау керек. Қолды жиі жуу, антисептиктермен өңдеу, әлеуметтік арақашықтықты сақтау, үй-жайларды жиі желдетіп тұру қажет. Вакцина салдыру өзіңізді және жақындарыңызды қорғауға көмектеседі. Коронавирусқа қарсы имундау науқаны жалғасуда. Алматыда ұжымдық иммунитеттің деңгейі 55,2%-ды құрайды. Бізге сенімді имундық қабат қалыптастырып, халықтың 80%-ының вакцина алғаны керек», – деді С.Байғабылов.

Эпидемиологтар індетті көбінесе вакцинациядан жалтарған азаматтар жұқтырады деп санайды. Талдау көрсеткендей, ковидпен ауырғандардың 30%-дан астамы – өзін-өзі жұмыспен қамтығандар немесе жұмыссыздар, 20%-дан астамы – зейнеткерлер, 19,5%-ы – кәсіпорын қызметкерлері. Индет жұқтырған оқушылар саны 14% және мектеп жасына дейінгі балалардың үлесі 6%-



ды құрайды. Осы орайда айта кетсек, оқушылардың 94%-ы сыныпта емес, үйде, яғни ересек отбасы мүшелерінен жұқтырған. Ал негізгі жұқтыру ошақтары бұрынғысынша – сауда объектілері (28%), қоғамдық көліктер (21,4%), отбасындағы байланыстар (22,3%) және базарлар (8%).

Мегаполистегі вакцина алғандар саны 1000485-ке жетті. СЭБД басшысының орынбасары вакцина салдырмаған азаматтардың коронавирусты жұқтыру қаупі әлі де бар екенін айтты. Мысалы, бір апта ішінде КВИ-мен ауырған 1033 адамның 194-і егілген, қалған 81%-ы егілмеген болып шықты. Еске сала кетейік, алматылықтар қаладағы 137 егу пунктін қалағанына барып, тегін екпе салдыра алады.

Спикер үй карантиніндегі алматылықтардың өзін-өзі оқшаулау шарттарын қатаң

сақтамайтынын атап өтті. «Қызыл» және «сары» мәртебесі бар азаматтар көшеге шығып қана қоймай, емін-еркін сауда-ойын-сауық орталықтарына, кинотеатрларға, мейрамханаларға кіріп, тіпті әуе жолдарымен сапарлатып жүрген көрінеді.

«Карантин мен оқшаулау режимін сақтау – әркімнің азаматтық міндеті. Өкінішке қарай, әркім өзі үшін, денсаулығы үшін, басқалардың ал-ауқаты үшін жауап беруге дайын емес. 9 сәуірден бастап біз «қызыл» мәртебесі бар 10 777 адамды, ал «сары» мәртебесі бар 1269 адамды есепке алдық. Оның ішінде өзін-өзі оқшаулау режимін бұзғаны үшін «қызыл» мәртебесі бар 2886 тұрғын әкімшілік жауапкершілікке және 30 АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге тартылды», – деді С.Байғабылов.

Осы орайда, яғни індеттің жолын кесуде бізге Ashyq жобасы көп көмек көрсетіп тұр. Мәселен, сол Ashyq арқылы қоғамдық тамақтану орындарына кірмекші болған «қызыл» 3210 адам, «сары» 417 адам анықталған. СОО-ға «қызыл» мәртебелі – 2253 және «сары» мәртебесі бар 276 тұрғын кірмекші болған. Сондай-ақ, киноға (335 адам), сұлулық салондарына (183), теміржол және автовокзалдарға (127) кірмекші болғандар да Ashyq арқылы анықталып, келген жактарына қайтарылған.

Спикердің айтуынша, бүгінгі таңда Ashyq қосымшасын ғана емес, Aitu платформасын және бірнеше банкті де пайдалануға болады.

Брифингте белгілі болғанындай, биылғы 7 қыркүйек пен 2 қараша аралығында қоғамдық көліктерге 414 тексеру жүргізілген. Бетперде режимін бұзғаны үшін 507 жолаушыға айыппұл салынған. Ал әуежай мен теміржол вокзалының аумағында бетпердесіз жүрген 30 адам жауапкершілікке тартылған.

МСАК



Егу пункттерінде болды

Алматы қаласына жұмыс сапары барысында ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ерлан Қиясов Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшинмен және қалалық Қоғамдық денсаулық басқармасы басшысының орынбасары Лаура Мырзағалимен бірлесіп, қазіргі уақытта халықты COVID-19-ға қарсы вакциналау жүргізіліп жатқан бірнеше МСАК ұйымдарына барды.

№4, №9 және №32 қалалық емханалардың басшылары халықты вакциналау бойынша атқарылып жатқан күнделікті жұмыстарын, соның ішінде вакциналардың сақталу тәртібін көрсетті.

Бостандық ауданының №4 қалалық емханасына тіркелгендер саны 87 571 адамды (ересек тұрғындар үлесі – 61 779) құрайды. Оның ішінде 1-ші компонентпен 48 510 адам вакциналанған, бұл жалпы жоспардың 86,5%-ын құрайды. Ал 2-ші компонентті 44 856 адам салдырған, бұл – жалпы жоспардың 80%-ы.

Түркісіб ауданының №9 қалалық емханасына тіркелген халық саны – 43 283, оның 31 506-сы – ересектер. Қазіргі уақытта екпенің 1-ші дозасын 23 549 адам (жалпы жоспардың 83%-ы), ал 2-ші компонентін 22 814 тұрғын (жалпы жоспардың 97%-ы) салдырған. Осы аудандағы №32 қалалық емханаға тіркелгендер саны – 34 970 адам. Ересек тұрғындар – 23 301. Қазіргі уақытта 1-ші компонентпен 14 077 адам (жалпы жоспардың 67,1%-ы), ал 2-ші компонентпен 13 224 адам (жалпы жоспардың 63%-ы) егілген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Тағы бір вакцина мақұлданды

ҚАЗАҚСТАН Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұзда өткен монокалаларды дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте тұрғындарды қайта вакциналау туралы сөз қозғады. Мемлекет басшысы елдегі эпидемиологиялық ахуал тұрақты емес екенін атап өтті. Коронавирустан күніне 30 адамға дейін қайтыс болуда.

«Мұның бәрі вакциналау қарқынының төмендеуіне байланысты болып отыр. 9 айда халықты қамту шамамен 40%-ды құрады. Елдердің басым көпшілігі тұрғындарды ревакциналауға кірісті. Біз вакциналау науқанын наурыз айында бастағанымызды ескере отырып, бізге де ревакцина жасайтын уақыт келді. Үкімет пен әкімдер тұрғындарды ревакциналау науқанына кірісуге тиіс», – деді Мемлекет басшысы.

ГЕРМАНИЯ елінде бүгінге дейін 2 млн.-нан астам бустерлік доза (ревакцина) салынған. Бұл тым төмен көрсеткіш деп отыр жергілікті мамандар. Сондықтан бустерлік вакцинаны салу қарқынын үдетуді күн тәртібіне шығаруда. Неміс дәрігерлері вакцинаның үшінші дозасын әуелі 70 жастан асқан адамдарға салу керекін айтады.

ИЗРАИЛЬ ревакциналауды шілденің соңында қолға алған болатын. Сөйтіп, үшінші дозаны қолдануға шешім қабылдаған



жаһандағы алғашқы ел атанды. Олар алғашқыда бустерлік вакцинаны тек 60 жастан асқан адамдарға еге бастаған болатын. Сосын 40 жастағы тұрғындарын да тартты. Кейін ұстаздар мен дәрігерлерге салына бастады.

ҮНДИСТАН ғалымдары жасап шығарған Covaxin вакцинасын ДДСҰ сарапшылары төтенше жағдайда қолдану үшін мақұлдады. Аталған препарат КВИ-дің ауыр түріне шалдыққан науқастарды емдеп жазуда 78% тиімділігін көрсеткен.

Аталған ел бұған дейін бірқатар кедей мемлекетке 66 млн.-нан астам дозаны тегін таратқан және біраз мөлшерін сатқан. Бұл вакцина ДДСҰ мақұлдаған әлемдегі 7-ші препарат болып отыр.

ГРЕКИЯ тұрғындарының ішінде екпе салдырмағандар банк пен сауда орталықтарына, ойын-сауық мекемелері мен сән салондарына кірмейді.

Тиісті талапқа бағынбаған мекемеге 5 мың еуро айыппұл салынып, 10 күнге қызметі тоқтатылады.

Енді вакцина қабылдамаған мемлекеттік және жекеменшік сектор қызметкерлері аптасына екі рет ПТР-тест тапсырып отыруға міндеттеледі.

Олай болмаса, жұмыстан шығарылады. Тест шығынын қызметкер өз қалтасынан төлейді. Бүгінде елде жансақтау бөліміне түсіп жатқандардың 80%-дан астамы вакцина қабылдамаған азаматтар көрінеді.

Әзірлеген
Нұр ЖАМАЛ.

ASHYQ ЖОБАСЫ

Жауапкершілік өте маңызды



**Айнұр
НҮРСАБЕТ**

Алматыда «сары аймақ» үшін қарастырылған шектеулер күшіне енді. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз конференциясында Алматы қаласы Кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Салтанат Лесбаева хабарлады.



Қаладағы эпидемиологиялық ахуал жақсарғандықтан, Алматы кәсіпкерлері аздаған шектеулермен жұмыс істей алады. Баспасөз конференциясы барысында С.Лесбаева мегаполистің бизнес қауымдастығын қызметтерін қаулыға сәйкес ұйымдастыруға шақырды. Сондай-ақ, Ashyq жобасының жұмысына жауапкершілікпен қарау өте маңызды. Спикердің мәліметінше, Алматыда жобаның 23 214 қатысушысы бар, бірнеше айдың ішінде олардың саны 13 есеге артты. Қоғамдық тамақтану объектілері, сұлулық салондары, шаштараздар, базарлар, СОСО, білім беру объектілері арасында Ashyq-тың кеңінен танымал екені байқалады.

Қазіргі кезде Алматыда 479 нысан жоба көшбасшысы болып табылады. Барлық кезеңде 3044 қатысушы екі аптаның нәтижелері бойынша нөлдік чекиндер үшін

жобадан шығарылды. Сөз соңында С.Лесбаева Алматы тұрғындарын да, кәсіпкерлерді де Ashyq жобасына жауапкершілікпен қарауға шақырды, өйткені соның арқасында кәсіпкерлерге қатаң карантиндік жағдайда жұмыс істеуге рұқсат етілді. Ол сонымен қатар, бизнес-қауымдастық өкілдерін өмір салты мен жұмыстың қалыпты түріне тезірек оралу үшін жаппай егілуге шақырды. Спикер жұмыс орындарында бетперде режимін сақтау қажеттілігін еске салды.

БІЗДІҢ ҚАЛАНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ

Жанна Асанова осыдан 2 жыл бұрын Алматының Алатау аудандық «Бақытты отбасы» орталығына өзін іздеп келген. Өзін іздегені қалай дерсіз, иә, ол өмірде өзін жоғалтып алған болатын. Іздегенін тапты ма? Бұл сауалдың жауабын өзімен өрбіген төмендегі әңгімеден іздеп көрейік.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Жанна жөргегінен мектеп бітіргенге дейін балалар үйінде өсті. Ата-анасын мүлдем көрген емес, тегін де білмейді. Дүниеге келгеннен көзінің және аяғының ақауы (дисплазия) бар болып туыпты. Кішірек кезінде, жүргенде аяғы аяғына шалынысып құлап қала береді екен. Балалар үйінде, одан тыс жерлерде өтетін, мәселен, Президенттік шырша сынды салтанатты іс-шараларға ешқашан барып көрген емес. Анығы сол, ешкім ертіп апарған емес. Қазір ойлап қараса, тәрбиешілер мұның сырт келбетін ондай кештерге лайықсыз көрген екен ғой. Тіпті, бір тәрбиешісінің «сені болашақта әлдеқандай жетістікке жетеді деп ойламаймын, сен күйеуге де шықпайтын шығарсың» дейтіні де әлі есінде. Мұндай сәттерде, әрине, Жанна қыстығып жылап қалатын. Өзін қорғансыз, керексіз сезінетін.

9-сыныпта оқып жүргенінде балалар үйіне қайырымдылық акциясы аясында шетелдіктер келіп, денсаулығында кінәраты бар бірнеше жасөспірімге қолдау көрсеткені бар. Солардың қатарынан Жанна да табылды. Көзіне тегін ота жасалып, өмірге де, өзгеге де тура қарай бастады.

Балалар үйінен шыққан соң, өзі секілді замандастарымен бірге «Жастар үйіне» орналасты. Бірақ айтуынша, олардың көбі өмірге бейім емес еді. Көзін ашқалы дайын тамақ, салулы төсекте өскен олар үлкен өмірге араласа бастағанда көп қиналыпты. Тіпті, тамақ жасап ішу, қолына тиген азын-аулақ ақшаны қалай жұмсау керектігін де білмеген. Отбасы, ондағы адамдардың бір-біріне қарым-қатынасы қандай болуы керек деген сынды құндылықтар туралы да мүлдем хабары жоқ қыз 19 жасында бала сүйеді. Бірақ көп ұзамай қызының әкесі екеуінің жолы екіге айырылады.

«АТА-АНАМА ӨКПЕМ ЖОҚ...»

Балалар үйінде тәрбиеленген жастың жан сыры



Жоқшылықтың қамытын киген қыз бөбегін аштан өлтіріп алмас үшін кез келген жұмысты істейді. Перзентінің өз өмірін қайталағанын жан-тәнімен қаламаған еді. Бірақ қолында дипломы, жол көрсетер жанашыр туысы, не тұрақты жұмысы жоқ қыздың бір кездері сынып кеткен сәттері де болды. Қатты күйзеліске түсті. Кафеде істеп жүргенде бірге жүрген қыздармен «жүйкемізді тыныштандырайық», «өмірімізді сәл де болса жеңілдетейік» деген желеумен

әуелі сыра іше бастады, арты ішімдікке ұласты. Бірақ қызын ешқашан ешкімге қалдырып кеткен емес, үнемі жетектеп жүретін. Кейін ұлы Сұлтан өмірге келді. Бірде қызы Ямин, 5 жастағы кезі болуы керек, «Мама, ішпеңізші! Маған бұлай жүргеніңіз ұнамайды! Сіз де біз бармыз ғой!» дейді жалынышты үнімен. Осы бір ауыз сөз Жаннаның санасын сілкіп жібергендей болды. Есті қыз шынашақтай қызының жүрекжарды өтінішіне құлақ асты.

Бір құрбысынан өмірде қиналып жүрген аналарға қолұшын беретін «Бақытты отбасы» деген орталық барын естіп, сол жердің табалдырығынан имене аттады. Ақмарал Басирова жетекшілік ететін Алатау аудандық «Бақытты отбасындағы» қыз-келіншектер әр қадамын тым сенімсіз басқан, тұйықтау жас келіншекті жатсынбай, бауырына тарта білді. Психолог та жеке әңгімелесті. Олар Жаннаға жабыла жол көрсетті. Қолына қармақ ұстатты. Оған сенді.

Жанна Асанова орталыққа әуелі әлеуметтік қызметкер болып қабылданды. Коронавирус өршіп тұрған сол тұста Алатау аудандық «Бақытты отбасының» әлеуметтік қызметкерлері түрлі қайырымдылық қорларынан келіп түсіп жатқан азық-түліктерді тұрмысы төмен мұқтаж жандарға, жалғыздікті қарттар мен аналарға, көпбалалы отбасыларға күн-түн демей таратып жүрді. Сол кездерде осындай жанкешті жұмысқа шыдамай кетіп қалғандар да болды. Ал тұмысынан төзімді Жанна кетпеді. Қазір ол – «Бақытты отбасында» ресепшн. Орталыққа келген адамды бірінші болып қабылдайтын, жөн сілтейтін, бағыт көрсететін маман. «Бақытты отбасының» есігін ашатын әр адамға жылы жүрегін арнауға тырысады. Олардың бақытты болуы үшін кішкентай да болса үлесін қосуға ұмтылып жүрген жайы бар. Осында жұмыс істей жүріп, визажист курсы тегін оқып шықты.

Жаннаның осы кезге дейінгі өмірін үлкен күйзеліспен, сенімсіздікпен, қиындықпен өткізсе де, ешкімге кектенбегені, жүрегін қарайтып алмағаны, орнықты мінезі ұнады бізге. Тіпті, ата-анасы табылып жатса, оларға да еш ренжімейтінін жеткізді. «Еліміз Тәуелсіздік алып жатқан жылы дүниеге келіппін. Ол тұста кімге оңай болды дейсіз?! Қиыншылық бүкіл елдің басына түскен жылдар ғой. Сондықтан ата-анам өкпем жоқ», – дейді кең жүректі Жанна.


«Саялы» шағынауданында Алматы қаласының әкімдігі тарапынан берілген пәтері бар. Таңертең жұмысына асығып келеді, кешке үйіне қуанып қайтады. Екі құлыны алдынан кішкентай құшақтарын ала жүгіргенде жүрегі қуанышқа толып кететіні бар. Өзін бала күнінде ешкім бұлай құшақтамаған-ды. Өзі сезіне алмаған жылуды балаларынан аяп қалғысы жоқ. Жылы да таза үй, мол дастархан. Екі баласы да түрлі үйірмелерге барып жүр. Ямин домбыра тартады, үлкен сахналарға шығуды армандайды. Ал кішкентай Сұлтан бос уақытында ойлау қабілетін шынықтыратын «Лего» ойынын құрастырғанды жақсы көреді.

Міне, Алматыға осылай тағы бір бақытты отбасы қосылды. Ол үшін бірінші кезекте «Бақытты отбасына» алғыс айтады.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



Таудағы суреттер

«Аюсай» визит-орталығында зоолог Салтөре Сапарбаевтың қар барысына арналған фотожұмыстарының көрмесі өтуде.

Экспозицияда көрсетілгендей, қар барысы Солтүстік Тянь-Шаньда теңіз деңгейінен 1800 метр биіктікте кездеседі. Іле Алатауындағы қар барысының мекендейтін аумағы – тау шаңғысы курорттары, демалыс базалары, спорт кешендері бар рекреациялық аймақтары. Іле Алатауында 40 қар барысы бар, олардың 22-сі қалаға жақын маңда, ал 5-еуі тіпті жақын. Өйткені, олар қала шетіне кіретін «Аюсай» шатқалын таңдаған. Барыстардың төлқұжаты, бірегей сәйкестендіру коды бар.

Өтетін орны: «Аюсай» визит-орталығы (Көкшоқы көшесі, 1А/1). Жұмыс уақыты: сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Ұлттық қолөнер әлемі

Әбілхан Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайында сағат 15.00-де «Шебер. Біздің мұрамыз» атты көрме өтеді.

Ол Қазақстан қолөнершілері мен республика шеберлері одағының өзіндік есебі іспеттес. Көрмеде қонақтар қолданбалы өнер суретшілерінің дәстүрі мен қиялы әлеміне саяхат жасай алады. Экспозицияның негізін республикалық «Шебер» және «ЮНЕСКО сапа белгісі» халықаралық байқаулардағы жеңімпаздар жұмыстарының топтамасы құрайды. Онда қазақтың дәстүрлі қолөнері мен Қазақстанның қазіргі заманғы қолданбалы өнер туындылары ұсынылған. Олардың ішінен киізден жасалған бұйымдар, зергерлік өнер, кестелеу, керамика, ағаш ою, металды көркемдеп өңдеу, тоқыма және дәстүрлі киімдерді кездестіруге болады.

Уақыты: көрме 5 желтоқсанға дейін жалғасады.

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3» ықшамауданы, 22/1).



Осы аптада адамның ғарышқа алғашқы ұшуының 60 жылдығына және Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер оқуына қолдау көрсету жылына арналған «Мәңгі бірге» авторлық интерьерлік қуыршақтың бесінші мерейтойлық халықаралық көрмесінің салтанатты ашылуы өтеді.

Көрмеге авторлық интерьерлік қуыршақ жасау өнерінің түрлі бағыттарын ұсынған 100-ден астам шеберлер мен шығармашылық бірлестіктер қатысады. Көрме өткен төрт жыл ішінде Ресей, Қазақстан, Түркия, Франция, Бельгия, Қырғызстан, Белоруссиядан келген 120-дан астам жетекші қуыршақ шеберлерінің жұмыстары ұсынылды. Олардың туындыларын көрмеге келген 30 000-ға жуық адам көрді. Биылғы туындылардың тақырыбы – «Жұлдыздар алыс және жақын». 2021 жылғы мерейтойлық экспозицияның ресми қуыршағы ретінде көкшетаулық Анастасия Елисееваның «Гагарин. Ғарышта бірінші» атты жұмысы ұсынылды.

Күні мен уақыты: көрме 15 қарашаға дейін жалғасады. Жұмыс уақыты 10.00-ден сағат 17.30-ға дейін.

Өтетін орны: Ә.Қастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер мұражайы («Көктем-3» ықшамауданы, 22/1).



Мәңгі біргеміз

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

Айнұр
СЕНБАЕВА

Қоғамда «пандемия көп елдерде бала туу көрсеткішінің артуына түрткі болды» деген пікір бар. Алайда, сарапшылар соңғы кезде бала санының көбеюіне мемлекеттің көпбалалы аналарға көрсеткен қолдауы әсер етті дегенді алға тартады.



ҚАЗАҚСТАНДА –



Демография және пандемия

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» сарапшылары 2020 жылғы қарашадан бастап 2021 жылдың соңғы айына дейінгі кезеңдегі әртүрлі елдердегі туу туралы нақты деректерді өткен 4-5 жылдағы туу көрсеткіштерімен салыстырды. Кейбір елдерде бала туу қарқыны бәсеңдесе, кейбір елдерде керісінше, карантин кезінде бала саны едәуір артқан.

Айталық, Португалияда, Румынияда және Чилиде туу деңгейі 9%-ға, 12%-ға және 19%-ға төмен болғаны байқалды. АҚШ пен Швейцарияда 4-5%-ға төмендеген. Бельгия, Италия, Словения, Испания, Ұлыбритания, Жапония, Сингапур, Франция елдерінде туу көрсеткіші 1,3-2,5%-ға төмендеді.

Баланың дүниеге келуі жағынан Тайвань, Нидерланд, Корея Республикасы 3,1–5,6%-ға алға жылжыды. Украина (7,3%-ға) мен Ресейде (8,8%-ға) бала туу көрсеткіші аздап жоғарылаған. Бірақ бұл бала туудың карантинге дейінгі кезеңмен салыстырғанда жоғарылағанын білдірмейді. Мысалы, соңғы жылдары Украинада туудың төмендеу үрдісі байқалды: бұрынғы динамиканың сақталуымен 2020 жылдың қарашасынан 2021 жылдың маусымына дейін туылғандардың саны 166,6 мыңды құрауы мүмкін еді, бірақ карантиннің арқасында туудың төмендеу қарқыны баяулап, 178,8 мың нәресте тіркелді.

Ресейде көптеген жылдар бойы жалғасып келе жатқан туу көрсеткішінің төмен-

деуін тұрақтандыруға карантиннің және тууды ынталандыру шараларының оң әсері байқалады. Мәселен, 2019 жылғы қарашадан бастап 2020 жылғы шілдеге дейін жаңа туған нәрестелер саны 1 млн. 29 мыңды құрады. Ал 2020 жылғы қарашадан бастап 2021 жылғы шілдеге дейін – іс жүзінде осынша – 1 млн. 28 мың нәресте дүниеге келді.

Көрші елде туу көрсеткішінің тұрақтануы тууды ынталандырудың жаңа шараларынан туындауы мүмкін. Сондықтан шешуші фактор карантин немесе тууды ынталандыру шаралары болды деп нақты айту қиын. Ол үшін біраз зерттеу, талдау жұмыстары қажет. Әзірге 2021 жылдың толық статистикасы болмағандықтан зерттеу мүмкін болмай отыр.

Еліміз бойынша бір жылда
426 824 бала дүниеге келді

Қазақстанда бала туудың күрт өсуі 2020 жылдың III тоқсанынан бастап байқалды, туылғандар саны сол кезеңде 116,7 мыңды құрады, бұл 2019 жылғы

III тоқсанға қарағанда 8,4%-ға артық. 2020 жылғы IV тоқсанда өсім 2019 жылғы IV тоқсанға қарағанда 9,5%-ды құрады. 2021 жылғы I-II тоқсандарда өсім 2020 жылғы тиісті тоқсандарға қарағанда 8,4 және 10,7%-ды құрады.

Сарапшы Қайырбек Аяшевтың айтуынша, Қазақстанда карантин бәби-бумға әсер етті деген пікір кең таралған, алайда, 2020 жылғы III және IV тоқсанының көп бөлігінде бұл тұжырым теріс екенін аңғаруға болады. «2020 жылғы III тоқсанда туған балалар 2019 жылдың IV тоқсанында, тіпті Ухань тұрғындары

жаңа жұқпалы коронавирус туралы хабардар болмаған кезде бойға біткен. Сондай-ақ, Қазақстанда 2020 жылғы IV тоқсанда туған балалардың аз ғана бөлігі карантин кезінде бойға бітуі ықтимал, өйткені алғашқы карантиндік шектеулер 2020 жылдың наурыз айының ортасында-аяғында енгізілді», – дейді ол.

ЕРДО-да Қазақстанда 2020 жылы бала туу көрсеткішінің өсуіне 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап табысына қарамастан, төрт және одан да көп бірге тұратын көмелетке толмаған балалары немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі оқу бөлімінің студенттері бар отбасылар үшін ай сайынғы жаңа жәрдемақының енгізілуі түрткі болғанын айтады. Жәрдемақының енгізілуі туралы 2019 жылдың қазан-желтоқсанында жарияланған болатын.

Дерек

Соңғы мәліметтерге сәйкес, 2021 жылдың қаңтар-тамызында Қазақстанда 296,5 мың бала дүниеге келді, бұл өткен жылдың осыған сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,4%-ға көп.



Қайырбек АЯШЕВ,
Еңбек ресурстарын дамыту
орталығының сарапшысы:

КӨПБАЛАЛЫ
ОТБАСЫЛАР
ҚАТАРЫ АРТТЫ

2020 жылы Қазақстанда 426 824 бала дүниеге келді, бұл 2019 жылымен салыстырғанда 24 514 балаға көп. Бала туу өсімінің басым бөлігі (65%) кезектілік бойынша төртінші баланың тууы есебінен қамтамасыз етілді. Бала туудың 24%-ға өсуі балалардың туу кезегі бойынша бесінші бала есебінен қамтамасыз етілді. Осылайша Қазақстанда көпбалалы отбасылар саны көбейді, ай сайынғы жәрдемақы отбасында кезек бойынша 4 және 5 баланың туылуын ынталандырды. Қазақстанда балалардың дүниеге келуін одан әрі зерттеуді 2021 жылдың қорытындысы шыққан соң жалғастырамыз. Қазақстандағы бәби-бумның 2021 жылы жалғасуына не себеп болды: көпбалалы отбасылар бойынша жәрдемақының енгізілуіне немесе карантинге байланысты ма, алдағы уақытта нақты анықталады.

НЕ?



ҚАЙДА?



ҚАШАН?


Суретшілер саяхаты

Алматыда «Buqtarma Discovery Camp» жобасының тұсаукесері өтуде. Бұл қала суретшілерінің біраз уақыт Алтайда тұрып, шабыттанып, өз жұмыстары үшін материал жинаған жобасы.

Енді «Buqtarma Discovery Camp» арт-резиденциясы суретшілері сіздерді фото және кескіндеме, деректі бейне, инсталляциялар мен перформанстарда түсіріп үлгерген Алтайдың бір бөлігін көруге шақырады. Жоба аясында алматылықтар Мариана Макееваның «Ренктер» көрмесін тамашалай алады. Сондай-ақ, Бауыржан Бисмилдиннің «Тихие» аналогты фотосуретінің көрмесі өтуде. Онда Бұқтырма мен Қазақстан Алтайына саяхаттан алынған жұмыстар ұсынылған.

Уақыты: сағат 10.30-дан 18.30-ға дейін.

Өтетін орны: «Дом» кеңістігі (Барыбаев көшесі, 36).

Жанр
классикасы

The Best of Шопен концерті аясында классиканың ең үздігін ұсынбақ.

Бұл – филармония солистері Әмір Бисенғалиев пен Еркебұлан Сапарбаевтың ойластырған аталған топтамадағы үшінші концерті.

Күні мен уақыты: 7 қараша, басталуы сағат 18.00.

Өтетін орны: Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясы (Қалдаяқов көшесі, 35).


Мәңгілік құндылықтар

Орталық көрме залында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Ұлы таулардың шыңдары» атты артсимволизм өтуде.

Көрмеге еліміздің 10 өңірінен 45 суретші қатысады. Олардың қатарында Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент, Атырау, Павлодар, Қарағанды, Семей, Талдықорған, Ақтөбе, Орал өңірлері бар. 60-тан астам көркем шығарма Қазақстанның табиғи және мәдени мұрасын, халық тарихын, дәстүрлі мәдениет әлемін және қазіргі уақытын көрсетеді. Көрме үшін дарынды қазақстандық кәсіби суретшілердің үздік шығармашылық жұмыстары тандалып алынған.

Күні мен уақыты: 8 қарашаға дейін жалғасады, жұмыс уақыты: сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін.

Өтетін орны: Орталық көрме залы (Желтоқсан көшесі, 137).



Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.



ЖАҢА КІТАП

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ
ТАРТУГүлжанат
СЕМБАЕВА

«Әлем халықтары жазушылары одағының антологиясы» шығармалар жинағының 1-томы жарық көрді.


Жаңа кітаптың 1-томына сөз саңлақтарының поэзиясы енді. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Ұлттық кітапханада өткен іс-шарада туынды авторлары бас қосып, 30 жылда атқарылған маңызды істерге тоқталды.

Жаңа кітаптың 1-томына сөз саңлақтарының поэзиясы енді.

«Ұйымда 400-ден аса мүше бар, соның ішінде ең мықты деген акындардың поэзиясын салдық. Оның ішінде көркемдік поэзия, жастарға арналған махаббат лирикасы да бар. Таңдаулылары енді, сондықтан оқырман сүйіп оқиды деп ойлаймын», – деді публицист Ізтілеу Тойшыбайұлы.

Аталмыш шараға өзге өңірден келген акын-жазушылар да қатысып, жаңа жинақтың тұсауын кесті. Ал кітап авторының сөзінше, туындының 2-томына прозалық шығармалар енебек. Оны жыл соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

«30 жылда үлкен өрге, жоғары деңгейге көтерілдік деп айта аламын. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасының арқасында әр сала, оның ішінде мәдени сала өз деңгейіне көтерілді», – дейді Әлем халықтары жазушылары одағының мүшесі Қайрат Ахмерұлы.

ӨЗЕКТІ
ТАҚЫРЫПТАР
ҚАМТЫЛДЫ

Алматыда оқушылар арасында үздік ғылыми жобалар конкурсы өтті. Байқауға 400-ден аса жоғары сынып оқушылары қатысты.

Балалардың көтерген тақырыптары өзектілігімен ерекшеленеді. Олар «Ғаламдық жылыну», «Спортта жаракат алмау жолдары», «Аз ақшаға қалай пайдалы тағам сатып алуға болады?» сынды қызықты, өзекті әрі креативті тақырыптарды таңдаған. Төрешілердің таңдауымен «COVID-19: туризм мен қонақжайлылық» деген жұмыс ең қызықты жоба болып танылды. Бұл тақырып бойынша 10-сынып оқушылары бірнеше ай бойы айналысыпты. Қазақстанның ғана емес, шет ел тәжірибесін де зерттей келе, пандемия кезінде елімізде ішкі туризм 13 процентке артқанын, ал шет елдерде керісінше, азайғанын анықтаған. «Ата-ана мен бала» және «Бук-кроссинг» жобалары да үздік деп танылды.

– Негізгі тақырыптардың барлығы – экономика саласына өзінің үлесін қосатын еңбектер. Көбінесе олар креативке, спортқа және туризмге байланысты. Неге осы үш саланы таңдап жатырмыз? Өйткені, қазіргі кезде осы үш сала бойынша көптеген өзгерістер, көптеген сұраныс болып жатыр, – дейді байқауды ұйымдастырушы Бакнұр Зиябеков.

ТӘУЕЛСІЗДІК – 30

Рая
ЕСКЕНДІР

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай, қазақ білімінің қарашаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Мәңгілік Ел» сағат-стеласының ашылу салтанаты өтті. Алыстан көзге түсетін алып сағат жатақханалар қалашығына орналасқан.

Жалпы, «Мәңгілік Ел» сәулет нысандары өркениетті елдердің барлығына тән. Ол жасампаз жетістіктер мен толағай табыстардың құрметіне қойылатын бірегей туынды. Бұған дейін де оқу ордасының Тимирязев көшесі бойында «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы ашылған еді. Міне, енді оның қатары тағы бір көркем туындымен толықты. Сәулет нысанының ашылу салтанатына ҚР Конституциялық кеңесінің төрағасы, Түлектер қауымдастығының президенті Қайрат Мәми, ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов, ҚР Жоғарғы сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Әбдірашит Жүкенов, Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларының меценаттары қатысты. Алғашқы сөз кезегін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма төрағасы, ректор Жансейіт Түймебаев алды.

– ҚазҰУ-дің «Мәңгілік Ел» сәулеттік туындыларының барлығы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Мәңгілік ел» идеясына негізделген. Елбасымыз «Тәуелсіздікпен бірге халқымыз мәңгілік мұратына қол жеткізді. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та, гүлденген келешекке сенім де

ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған Жолдауында «Басты міндет – жалпы адамзатқа ортақ қастерлі құндылықтарды жастардың бойына сіңіру» деп айтқан еді. Бұл міндет жастарымызбен тікелей жұмыс істеп отырған оқу ордаларына үлкен жауапкершілік жүктеп, тәрбие саласына аса мән беруге бағыт берді. Осы орайда, қаламыздағы белгілі оқу орындарының бірі Қазақстан инженерлік-технологиялық университеті бірегей жобаны қолға алып, жүзеге асырып отыр. «Тәлімгерлер институты» деп аталатын жоба әзірге басқа оқу орындарында ашыла қойған жоқ. Соған қарамастан аз уақыт ішінде жастардың ерекше қызығушылығын оятып отыр. Сонымен, жоба барысында университет қызметкерлері, оқытушы-профессорлары өздерінің өмірлік тәжірибелерін жастармен бөлісіп, сырласу клубына айналды. Ашылу салтанаты аясында университет ректоры Гүлнар Сәрсенбекова «Студенттер үйінің» ас бөлмесінде студент қыздармен қамыр ашытып, нан жайды. Дәмі тіл үйірет ас әзірлеп, оның құпияларымен бөлісті.

– «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, асыл құрбы, жақсы ұстаздан болады» дейді ұлы Абай бабамыз. Сондықтан еліміз жас ұрпақты тәрбиелеуде біздерге, ұстаздар қауымына үлкен міндет жүктеп отыр. Осынау жобаны қолға алғандағы басты мақсатымыз – еліміздің ертеңі болар мамандардың саналы әрі сапалы болуын басты назарға алу. Өйткені, жас маман күні ертең оқуын аяқтап, үлкен өмірге араласады. Араларында бірден тұрмысқа шығып, отбасылы болып кететіндері де болады. Сол кезде осы оқу ордасының қабырғасында жинаған

«МӘҢГІЛІК ЕЛ»
тарихқа тағзым, келешекке сенім

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр» деген еді. Ендеше, ҚазҰУ Түлектер қауымдастығы сыйлап отырған «Мәңгілік Ел» сағат-стеласы осынау Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арналған бірегей тарту деп қабылдауымызға әбден лайықты, – деді Жансейіт Түймебаев.

Келесі кезекте сөз алған мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов қоғамның бірлігі мен беріктігі сыңға түскен күрделі кезеңде өзінің туған университетіне адал болып қала беретінін жеткізді.

Осынау игі іске бастамашы болған, университет түлегі Қайрат Мәми өз кезегінде жобаның негізгі мақсаты қалашық тұрғындарының жайлы өміріне жасалып отырған қолайлы орта құру

екенін атап өтті. Сондай-ақ, қалашықтың келбетіне көрік қосатынын да алға тартты.

Университеттің 1983 жылғы түлегі, биология ғылымының докторы, ҚазҰУ құрметті профессоры Салтанат Байқошқарова меценаттар атынан сөз алып, осынау киелі оқу ордасынан алған сапалы білімнің арқасында абырой биігінен көрініп жүргенін тілге тиек етті. Сонымен қатар, оқу ордасының түлегі Әбдірашит Жүкенов жастық шағының куәсі болған киелі мекенге деген сағынышын ақжарма тілегімен жеткізді.

Түлектер тарту еткен «Мәңгілік Ел» сағат-стеласының биіктігі – 19,3 метр, параметрі мен диаметрі – 1600x1600 мм.

СТУДЕНТТЕР ӨМІРГЕ БЕЙІМДЕЛЕДІ

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

өмірлік тәжірибелерінің көмегі көп болады деп ойлаймын. «Тәлімгерлер институтын» құрып, жастарға бағыт-бағдар беріп отырғанымыз да сондықтан. Тек біліммен ғана шектеліп қалмай, өмірлік қағидаларды да бойларына сіңірсе екен дейміз, – деп атап өтті Гүлнар Сәрсенбекова.

Оқу ордасында білім алып жатқан бес студентке бір тәлімгер белгіленіп отыр. Студенттер тәлімгерлермен бірге театр, киноға барады. Түрлі ас мәзірін әзірлейді. Артық салмақтан арылу үшін де жаттығу-

лар жасап, спорт түрімен айналысады. Адам ағзасының дұрыс қалыптасуына байланысты семинар сабақтарға қатысады. Ата-аналарымен онлайн байланысып, қуанышқа кенеліп жатады. Тәлімгер студенттердің екінші анасы, тәрбиешісі іспетті. Оларды жаман жолдан, жат қылықтан аулақ жүруге үндейді. «Тәлімгерлер институтының» ашылғанына, ең алдымен, баласы алыста жүрген ата-аналар қуанышты. Ал осынау жоба аясында өздерін өмір мектебінен өткендей сезінген студенттердің қуанышы тіпті ерекше.

Аружан МЕЙРАМБАЙ,
ҚазИТУ стандарттау және сертификаттау мамандығының 1-курс студенті:

– Осы жоба аясында менің де көкейімде жүрген арманым орындалатын болды. Бала күнімнен гимнастикаға жақынмын. Енді сол арманым аяқастынан қол жеткізгендеймін. Спорт саңлағы Фазила Өтеғалиева бізге салауатты өмір салтын ұстануды, түрлі жаттығуларды жасауды үйретіп жатыр. Сонымен қатар, өз құпияларымызды да осы тәлімгерлерімізге ғана айтып, сыр ақтарамыз. Біз өз ұстаздарымыздың дәрістерін ғана емес, ақыл-кеңестерін де тындап, таным дүниелерімізді кеңейтіп жатырмыз.

Меруерт АЙДЫНҚЫЗЫ,
ҚазИТУ Жастар саясаты департаментінің маманы:

– Бұл жоба аясында 37 секция бойынша тәлімгерлер сайланды. Алдағы уақытта арнайы бөлінген тақырыптар бойынша жұмыстар жүргізілетін болады. Әрбір тәлімгер өзінің өмірлік тәжірибелерімен бөлісіп, студент өмірінде кездесетін түрлі мәселелерді бірге шешуге көмектеседі. Алдағы уақытта бұл жоба толығып, аясын кеңейте түсетін болады.

ЖЕЛТОҚСАН – 35

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалының мәжіліс залында қалалық мәслихаттың хатшысы Станислав Канкуровтың төрағалығымен 1986 жылғы Желтоқсан қаһармандарымен кездесу өтті. Оған Nur Otan партиясы Алматы қалалық филиалы мен прокуратура басшылығы және нұротандық депутаттар мен басқарма басшылары қатысты.

ӘДІЛЕТТІЛІКТІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖАЛҒАСАДЫ

Отырыста ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен Желтоқсан оқиғасына 35 жыл толуына байланысты қатысушыларды қолдауға бағытталған мегаполисте шаралардың жүзеге асырылуы барысы мен әлеуметтік сұрақтар талқыланды.

Кездесуде Алматы қалалық мәслихатының хатшысы С.Канкуров көпшілікті алда келе жатқан еліміздегі ең маңызды мерекемен құттықтады.

– Ең алдымен, сіздерді келе жатқан Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен құттықтаймын! Еліміз осы 30 жыл ішінде айтарлықтай дамып келеді. Бүгінде Тәуелсіздік пен Желтоқсан егіз ұғымға айналған. Себебі, Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздік бастауы. Біз мұны жоғары бағалаймыз және құрметтейміз, – деді ол.

Желтоқсан көтерілісіне қатысушы Асан Смағұлов азаттықтың ақ таңы – сол кездегі қыршынынан қиылған боздақтардың төккен жасы мен аққан қанының арқасында орнағанын жеткізді. Жастарды бейбіт өмірді бағалауға, Тәуелсіздікті қадірлеуге шақырды.

Негізі, биыл – еліміз үшін ерекше жыл. Тәуелсіздігімізге – 30 жыл, Желтоқсан оқиғасына – 35 жыл. Қазаққа Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ. Біз оған ызғарлы Желтоқсанда империя бодандығына қарсы бұлқынған намысшыл жастардың арқасында қол жеткіздік. Қазақстанның еркіндігі мен бостандығы жолында бастарын бәйгеге тіккен қанды Желтоқсан оқиғасының қатысушыларының ерліктері уақыт өткен сайын жадымызда жаңғыратын болады. Олардың сол қаһарлы күндердегі қайсар ерліктері бүгінгі жастар үшін үлгі-өнеге.

Кездесу соңында желтоқсандықтарды толғандырған өзекті сұрақтар қойылып, жергілікті басқарма мен прокуратура басшылығы тарапынан тұшымды жауаптар берілді. Мәслихат хатшысы желтоқсандықтардың шағымдары ескерілгенін айтты. Тарихи әділеттілікті қалпына келтіру жұмыстары жалғасатынын, атап айтқанда, қанды оқиғадан кейін қудалауға ұшыраған желтоқсандықтарды оңалту шараларына қол жеткізуге тиісті әрекеттер жасалатынын атап өтті.

ІС-ШАРА

ЖЕЛТОҚСАН – ЕРЛІК ТАРИХЫ

«Желтоқсан деген бір ай бар» деп ақын жырлағандай, қазақ үшін ел тәуелсіздігінің бастауы болған Желтоқсан қасиетті де қасиетті. Арада 35 жыл өтсе де, сол бір Желтоқсанның ызғары әлі де тоңдыратыны анық.

Кеудеде әлі де жазылмаған жара бар. Сондықтан болар, «Желтоқсан» әні айтылып, Желтоқсан көтерілісі, Тәуелсіздік жөніндегі деректі фильмдер көрген кезде жұрттың көзіне мөлдір тамшы үйіріле қалатыны. Ол – бүгінгі бейбіт те бақытты күнге деген тәубашылық сезімінің мөлдір

саншылар Айнаш Қыздарбекова, Гүлнар Сатамбаева, Гүлзира Ауғамбаевалар қатысты.

Кездесу модераторы университет Тәрбие басқармасының жетекшісі Қазына Бекпенбекова еліміз үшін орны ерекше Желтоқсан көтерілісі мен тәуелсіздік күні мерекесі туралы: «Тәуелсіздік бізге

йынша проректоры Шыңғыс Нұрланов алып, жиналған қауымды Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығымен құттықтап, келген қонақтарға алғысын білдірді. Желтоқсан көтерілісінің тарихымыздағы алатын орнының ерекшелігіне тоқталып, ендігі мақсат сол тәуелсіздікті көздің қарашығындай сақтау қажеттігін баса айтты.

Бұдан соң қонақтар кезегімен сөйлеп, әрқайсысы сол бір сұрқай күндері өз басынан кешкен оқиғаларын әңгімелеп берді. Олар «бізді алаңға алып шыққан – ұлттық намыс, ұлттық ар-ождан және қайсар мінезіміз» дейді.

Желтоқсан көтерілісінің ардагері, белгілі ақын Болат Шарахымбай өз кезегінде сол күндерді тағы бір сәт еске сала келіп, ата-баба арманы болған Тәуелсіздіктің тұғырлы болуы бүгінгі жас ұрпаққа тікелей байланысты екенін жеткізді. Студенттерді тәрбиелі болып өсіп, жасы оқуға және тоталитарлық системаға алғашқы болып қаймықпай қарсы шыққан жас қазақтардың ерлігін ұмытпауға шақырды. Сондай-ақ, өздерін төрге оздырып, жас ұрпаққа үлгі болар тұлғалар қатарында мадақтап, құрметтегендері үшін университет ұжымына алғысын білдірді.

Нұрлан МАНАПОВ,
профессор.



тамшысы, жанымызды тербеп шыққан қуанышымыздың шашуы болған көз жасы дер едік.

Жақында Абай атындағы ҚазҰПУ студенттері мен университет ұжымы Желтоқсан көтерілісінің бір топ қаһарманымен кездесу өткізді. Алматы қаласы Медеу ауданының әкімшілігі мен Абай университеті бірлесіп ұйымдастырған бұл кездесуге «Abai univer» газетінің бас редакторы, ақын Болат Шарахымбай, желтоқ-

оңай жолмен келген жоқ. Ата-бабамыздың арманына айналған бостандыққа жетуге сонау ерлеріміз ат үстінен түспеген заманнан кешегі Желтоқсан көтерілісіне дейінгі уақытқа көз жіберсеңіз, бұл ұзақ күткен еркіндік екенін көресіздер. Осы жолда өзін құрбан еткен боздақтарымызды бір сәт тұрып еске алайық», – деп үнсіздік жариялады.

Осыдан соң сөз кезегін оқу орнының Әлеуметтік сала бо-

БАЙҚАУ

«ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ ОРТАҚ»

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

Алматыда Ә.Кастеев атындағы ҚР Мемлекеттік өнер музейінде Қазақстан Қолөнершілер одағының ұйымдастыруымен «Шебер – 2020/2021. Біздің мұра» фестивалінің көрмесі ашылды.

Конкурс Қазақстан Қолөнершілер одағының төрағасы Айжан Бекқұлованың басшылығымен 11 жыл бойы өткізіліп келеді. Көрме – Қазақстан Қолөнершілер одағы мен республика шеберлерінің өзіндік есебі болып саналады. Көрмеге келген қонақтар халық ісмерлерінің дәстүрлері мен қиял әлеміне қол жеткізді. Экспозицияның негізін республикалық «Шебер» конкурсы мен «ЮНЕСКО сапа белгісі» халықаралық конкурсы жеңімпаздарының жұмыстары құрады. Мұнда 100-ден аса бұйым назарға ұсынылған. Көрмеде қазақтың дәстүрлі қолөнері мен Қазақстанның заманауи қолданбалы өнер туындыларының барлық саласы түгел дерлік көрсетіледі. Олардың ішінде киізден жасалған бұйымдар, зергерлік өнер, кесте – бізкесте, қыш, ағаш ою, металды көркемдеп өңдеу, тоқыма және дәстүрлі киімдер бар.

Жиын соңында «Шебер – 2020/2021. Біздің ауыл» байқауының жеңімпаздары марапатталды. Республикалық конкурста алматылық Қаламқас Сәрсенғалина, Сұлтанғали Темірұлы, Бұлбұл Қапқызы, Бағдагүл Зейнелхан, Түркістан қаласының тұрғыны Арлан Аңқауов, Қостанайдан Айгүл Тұралиева және Ақшағұл Қарымсақова, маңғыстаулық Мәдина Ахметова үздік деп танылды. Барлық жеңімпаздарға халықаралық фестивальға жолдама табысталды.



Бұлбұл ҚАПҚЫЗЫ,
фестиваль жеңімпазы, бізкесте шебері:

– Қазақстандағы термебау, алаша өнерін дәріптеп жүрген және кілем тоқитын шебермін. Осы байқаудан кейін «Алаша арт» деген өнер орталығымды ашып жатырмын. Бұл орталықта халқымыздың өшіп бара жатқан өнерін қайтадан жандандырып, жастарға алашаны, термебауды тоқуды, бізкесте, киіз басу өнерін және текемет, сырмақ жасау, араби, түкті кілем тоқуды үйреткім келеді. Термебау тоқудың ішінде қажар, кежім теру деген түрлері бар. Сол түрлерінің барлығын меңгергенмін. Мен өзімді ата-бабамыздың өнерін өшіріп алмай жалғап келе жатқан заңды мұрагер ретінде сезінемін. Және артымнан осы өнерді жандандыратын заңды мұрагер тәрбиелегім келеді.



Серікқали КӨКЕНОВ,
жоба финалисі, әшекей бұйым шебері:

– Мен 1989 жылы Алматы көркем сурет училищесін тәмамдап, содан бері әшекей бұйым жасаумен айналысып келе жатырмын. 1990 жылдан бастап «Шеберлер ауылы» мирас құрдық. Сол уақыттан бастап өшіп бара жатқан қолөнерімізді жаңғырту үшін жұмыс істеп келеміз. Қазір әшекей бұйыммен айналысып келе жатқаныма 30 жылдан аса уақыт болды. Бүгінде қазақтың ою-өрнегімен көмкерілген зергерлік бұйымдар жасаймын. Ал «Шебер» конкурсы жайлы айтатын болсам, Қазақстан

Қолөнершілер одағының мақсаты – жастарға қолдау көрсету, төл өнерімізді жаңғырту, соны ұрпаққа үлгі ету болып табылады. Осындай жобаларымыз көбейе берсе екен дейміз.



Азамат ҚОШЕТЕРОВ,
жоба финалисі, бізкесте шебері:

– Фестивальге ұстазым «Шапағат» сыйлығының иегері Лаура Бердібековамен Ақтөбе қаласынан арнайы келдік. «Шебер» конкурсының финалына дейін екінші рет сүрінбей жетіп отырмын. «Жанұя» деген айдар бойынша бақ сынадым. Жалпы, бұл өнерді 2014 жылдан бері дамытып келемін. Тігіннен бөлек сурет саламын, дизайнмен айналысамын. Қазіргі таңда әртүрлі картиналарды тоқып жатырмын. Сондай-ақ, өз өнерімді шәкірттеріме де үйретіп келемін.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

Әлеуметке жақынбыз

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы 320 мыңнан астам қызмет алған.

Нақтырақ айтсақ, жыл басынан бері осы кезге дейін мүгедектігі бар 236 мыңнан астам адам осы портал арқылы техникалық оңалту құралдарын, 6 мыңнан астам ымдау тілі қызметін, 33 мыңнан астам жеке көмекшінің қызметін, 52 мыңға жуық санаторлық-курорттық ем алған. Сондай-ақ, аталған портал арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтамаларға 195 мың тапсырыс рәсімделген.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, портал мүгедектігі бар адамдарға техникалық оңалту құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оңалтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады. Мүгедектігі бар адамдарды оңалту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды.

Бүгінгі күні порталда арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін 865 медициналық-әлеуметтік мекеме (бөлімшелер), 158 ОТҚ жеткізуші, 15 мыңнан астам жеке көмекші, 257 ымдау тілі қызметін, 72 санаторлық-курорттық емдеуді, 135 кепілдік берілген әлеуметтік топтаманы жеткізушілер тіркелген.

«Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және олардың өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар шеңберінде қарастырылған. Азаматтарды қолдауға арналған байланыс орталығына – 1414 бірыңғай нөміріне қоңырау шалып, тілді таңдау және 5 санын басу арқылы порталды пайдалану бойынша кеңес алуға болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ОЙТҮРТКІ

ХАЙП ПЕН АЙЫП

Көпшілік ортадағы ерсі қылығынан қымсынбайтындардың не ойлағаны бар?



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Шаһардың орталық көшелерімен жүретін №65 автобуспен келеміз. Мойнына әдемі шарф байлаған жас келіншек бала емізіп отыр. Омырауы ашық-шашық. Жан-жағына қызықтай қарап отырған сәби бірде анасының кеудесіне бас қойса, енді бірде өз тілінде үілдей әндетіп, айналасына ұзақ үніледі. Қарны аш балаға ұқсамайды, ойнап отыр. Ал шешесі «жылап мазамды алмаса болды» дегендей, кеудесін алаңсыз ашып қойған.

Қоғамдық көліктің ішінде үлкен де, кіші де көп. Ал жас ана сырт көзден еш қымсынар емес. Ақыл айтудан аулақпыз, әрине. Дегенмен, қоғамдық орындарда әйел затының баланы омырауын сәл қымтап отырып емізу үшін қандай ақыл, білім керек деп ойлаймыз ғой, баяғы. Оның үстіне, қазіргідей не нәрсе де жетілген заманда, баланы көпке көрсетпей емізетін де қолайлы киімдер жоқ емес.

Тақырыпқа орай еске түседі, өткенде қазақстандық танымал бір блогер айы-күні жакындап, перзентханада толғағып жатқан әйелінің видеосын Instagram паракшасына жариялап, біраз сынға ұшырап еді. Иә, хайп үшін бәріне баратын болдық бүгінде. Батыстың біздің менталитетке жат қаңсығы таңсық болып тұр осылай.

«Серіктестік босану» деген бар қазір. Яғни босанатын әйелдің жақын адамдарының босану процесіне қатысуы. Серіктес жақынының басты мақсаты – толғақ үстіндегі әйелге рухани қолдау көрсету, денеге түсетін ауыртыпашылығына демеу болу. Бірақ қазір әйелдің босану сәтінде ерлері де қатысатын болған. Бұл қаншалықты дұрыс?

Бұрындары ата-бабамыз әйелінің айы-күні жақындағанда атқа мініп алып, үйден



жырақтау кетіп, жарының тілеуін тілеп, сүйінші хабар күтіп отыратын болған. Бала күніміздегі көркем фильмдерден де дәл осындай көріністерді санаға түйіп өстік. Ал дәстүрлі қазақ ортасында әйел адамды босандыру ісін жете меңгерген аналар, тіс қаққан тәжірибелі әйелдер атқарған. Қазіргі таңда «серіктестік босануға» анасы не әпкесі, жемгесі немесе құрбысы кіреді. Ол дұрыс. Адамнан адам шығу оңай ма, киналып жатқан келіншек жақындарынан қолдау, демеу күтеді. Бірақ босану үстіне ерлердің кіруі қазақ қоғамы үшін әлі де жат емес пе?! Айтпақшы, әйелдің босанып жатқан үстіне әлі тұрмыс құрмаған қыздарға кіруге рұқсат етілмеген.

Енді алғашқы оқиғаға қайта оралайық. Бала босанған соң, нәрестені емізудің де жөн-жолы, ырым-тыйымы болған. Мәселен, емшекте баласы бар әйел жалаңбас отырып бала емізбейді, басына орамал салуы керек. Баласын жалаңбас

отырып емізсе, басының қайызғағы сәбидің аузына түсіп кетеді, бала есейгенде мәңгірт болады, анасының тілін алмайды деген ырым болған.

Сондай-ақ, әйел көптің алдында төсін ашып отырмайды. Төсін ашып отырса, сұқ көз қаладады, соның салдарынан төсі қараяды, омырауы іседі, тас емшек болып, омырауынан сүт қашады деп ырымдаған. Ал сүтсіз әйел – құтсыз әйел, ондай әйелдің құшағы суық, бауыры тас болады делінген.

Айтпақшы, қазір күнкөріс қамымен тезірек жұмысқа шығу үшін сәбиін емшектен ертерек шығарып жіберетін немесе кеудеміздің сәні кетеді деп мүлдем бала емізбейтін келіншектер де аз емес. Ал ана сүті – ғасырлар бойы, адамзаттың тарихи қалыптасуынан бастап, ұрпақты дұрыс өсіріп, жетілдіруге арналған. Сондықтан бұл заңдылықтың да бұзылмағанын қалаймыз. Бізге, елге сапалы, саналы ұрпақ керек.

ӨМІРДІҢ ӨЗІ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

ТЕРЕЗЕ ТАБЫСТЫРҒАН ЕКІ ЖАС

Қанша адам болса, сонша тағдыр бар дегенді естіп жүрміз. Қала, тіпті, тағдырлардың тоғысатын ордасы секілді. Алматы туралы айтқанда, бұл тіпті басқа. Мұнда тіркелгені бар, тіркелмегені бар, келіп-кетіп жүргендер қаншама, 3 миллионға жуық халық тұрады. Қысқасы, сол алуан тағдырды терезелер де табыстырады екен. Сенесіз бе?

Жуырда «Алатау сити» тұрғын үй кешенінде тұратын құрбымның үйіне қонаққа бардым. Бізбен қосып, жанадан отбасын құрған көрші тұратын екі жасты да шақырыпты. «Неше балаңыз бар?», «қашан үйлендіңіздер?», «қалай таныстыңыздар?» деп отырып, дастархан басында әңгіме қыза түсті. Қысқасы, әлгі екі жас бір-біріне қарама-қарсы орналасқан көпқабатты үйде тұрған екен. Ондағы үйлердің арасы бір-біріне өте жақын.

Қарама-қарсы үйде неше адам тұратынын, кімнің қай уақытта келіп, қай уақытта кететінін, бәрін білуге болады екен. Сөйтіп, бір-бірін терезеден жарты жыл бойы бақылапты. Соңында біреуі көрінбей қалса, екіншісі іздейтіндей жағдайға жетіпті. Тіпті, бір-бірін терезеден көру үшін жұмыстан барынша ерте қайтатын болыпты. Бірақ сол уақыт аралығында екеуі де бірде-бір рет кездесу туралы ойламапты.

– Аружанды қоя беріңіздер, қыз бала ғой, мен жігіт бола тұра оны іздеп бармадым. Шынымды айтсам, қай пәтерде тұратынын да білмегем ғой. Сенесіздер ме, ұялы телефонмен де сөйлеспегенбіз. Жарты жыл бойы тек терезе арқылы бір-бірімізді көріп, бақыладық. Мен үшін солай қызық

болды. Кей күндері жұмыстан асығып келіп бірден терезені ашатынмын. Кейде ол үйінде болмай қалады. Қоңырау шала салатын телефон нөмірі де жоқ. Содан үйіне қарап, күтетімін. Бірақ кеш болса да келетін. Бір күні Аружан ауырып қалды. Терезе алдындағы диванда жатты да қойды. Содан үйін тауып барып, жағдайын білейін дедім. Жүреkte қорқыныш та болды. «Терезеден көріп ұнатып жүрген қызым «тірдей» көргенде ұнамай қала ма?» деп ойлады. Сонда да жеміс-жидек алып, қабаттарды санап отырып, үйін тауып бардым. Ол өмірде де дәл терезеден көргендей екен. Бірден ұнаттым. Телефон нөмірін алдым, кездесуге шақырдым, – деді Рақымжан.

Содан екеуі күнде кешкісін бірге серуендеп, уақытты бірге өткізетін болыпты. 3 айдан кейін жігіт үйленуге ұсыныс жасап, бас қосыпты.

– Маған терезеден бақылаған кездерім ең қызықты сәт. Басында біреудің қарап тұрғанына ыңғайсызданатынмын. Бір күні бір қызық кино көрдім. Ондағы басты кейіпкер де өмірлік серігін солай табады. Содан «неге мен жасырынып



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

жүрмін?» дедім де, онымен терезе арқылы сөйлесетін болдым. Екеуіміз бір-біріміздің даусымызды да естімегенбіз ғой. Балконға шықпаймыз, тек терезе арқылы ым-ишара арқылы сөйлесеміз. Маған ұнағаны – ол жұмыстан кешікпейді әрі уақытылы кайтады. Үйін, киімдерін таза ұстайды. Сырттан тамактанып, ақшасын шашпайды. Тірлігіне мұқият. Мен бұл ақпараттың бәрін терезе арқылы бақылаудан жинадым. Кездескен кезде дәл сондай болып шықты, – деді Аружан.

Олардың махаббат хикаясын естіп, аузымыз ашылып қалыпты. Кейін сөйлесе келе, олар сол маңдағы үйлерін бір күнде алғанын білген. Басында Аружанға төменгі қабаттан пәтер ұсынған екен. Бір күнде ол өтіп кетіп, 7-қабаттан пәтер беріпті. Жаратқанның жоспары деген ғажап қой, шіркін!

Менің құрбымның да басы бос. Оның да тағдыры бір терезенің арғы жағында күтіп жүрген болар...

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ

«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы



БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Алматы теміржол ауруханасы» ЖШС-ға шұғыл түрде:
– терапевт;
– невропатолог;
– дәрігер-сарапшы;
– дәрігер-эпидемиолог;
– медбикелер;
– санитарлар;
– кассир;
– мұрағатшы;
– хатшы-іс жүргізуші;
– сантехник;
– электрик;
– аула сыпырушы керек.

Ақан сері көшесі, 36 А.
Тел.: +7 (727) 254-63-61, +7 701 673 73 34.

«Krin XXI» ЖШС-ға:
– графикалық дизайн-ер;
– тазалықшы қажет.
Тел.: +7 777 747 07 22.

«Полиграфия комбинаты» ЖШС-ға:
– күзетші;
– түптеуші;
– корректор керек.
Мақатаев көшесі, 41-үй.
Тел.: +7 777 201 01 56.

«QAZZAT» ЖШС-ға:
– этикетшілер қажет.
Тел.: +7 700 627 10 66.

«Batiskafco» ЖШС-ға:
– аспаз қажет.
Тел.: +7 707 822 00 20.

«Алматы қаласының көлік холдингі» ЖШС-ға:
– диспетчер қажет.
Рысқұлбеков көшесі, 33/1.
Тел.: +7 701 034 83 45.

«Алматы жылу желілері» ЖШС-ға:
– слесарь керек.
Тел.: +7 747 209 24 45.

«AIE Logistics» компаниясына:
– 1С-пен жұмыс істей алатын оператор-бухгалтер;
– түнгі ауысымға жүргізуші керек.
Ж.Досмұхамедұлы көшесі, 46-үй.
Тел.: +7 771 072 34 79, +7 777 077 70 29.

СӘТТІЛІК
СЕРІГІҢІЗ БОЛСЫН!



ОҚЫРМАНҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу жүріп жатыр. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61 немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatau-aqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:
8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

Құтырма ауруы

Құтырма (бешенство, rabies) – орталық нерв жүйесінің зақымдалуымен және өлім-жітіммен аяқталатын, қоздырғышы рабдовирустар тұқымдастығына жататын жануарлар мен адамдардың табиғи-ошақтық ауруы.

Негізінен, құтырған жан-жануарлардың сілекейі ауру белгісі білінбестен, бірнеше күн бұрын-ақ жұқпалы болады. Құтыру ауруы адамдарға көбінесе, үй хайуанаттарынан – иттерден, мысықтардан (сирек кездеседі), сондай-ақ, ет қоректі аңдардан (қасқыр, түлкі) тарайды. Қоздырғыш сау адамға ауруға шалдыққан жануарлардың сілекейі арқылы беріледі.

Дерттің үш сатысы бар:

– Продромалды кезең 1–4 тәулікке созылады, дене қызуы көтеріледі, бас ауруымен, шаршау, тәбетті жоғалтумен сипатталады. Жануар тістеген, қапқан тұсқа жақын маңда невраглия, терінің жоғары сезімталдығы білінеді.

– Қозу сатысы 4–7 күнге созылады және психомоторлық ұстамамен сипатталады. Жарқын жарыққа, әртүрлі дыбыстарға, шуларға жоғары сезімталдық байқалады. Науқастар озбыр, долы келеді, галлюцинациялар, сандырақтау, қорқыныш сезімі пайда болады, құрысу, бұлшықет парездері мен параличтері бірге жүреді.

– Салдану (паралич) сатысында көз бұлшықетінің параличті, жұту функциясы бұзылады. Науқастың аузынан көбік ағады, судан қорқады. Дерт 58 күнге, кейде 10–12 тәулікке созылады.

Құтырудың белгілері: Хайуандарда көрінетін белгілер:

Ауырған ит тынышсызданады, тамақ жемейді, одан

кейін су көрсе үрейленіп қаба бастайды, үргенде даусы қарлығып шығады, аузынан сілекейі шұбырады. Біртүрлі күйде болады, кейде сұлық жатады, мазасызданады, ашуланшақ болады, жанына жолағанның барлығын қауып тістеуі мүмкін. Хайуан 5–7 күннің аралығында өледі.

Адамдардағы клиникалық көрініс:

Сырқат көбінесе жағымсыз күйлерден басталады. Хайуанның тісі батқан жер ауырады, арты қызбаға ұласуы мүмкін. Сонымен қатар, адамның ұйқысы қашып, көңіл күйі болмайды, мазасызданады, ашуланшақ болады, шаршау сезімі мен түрлі дыбыстар бейнелерге түршігіп тұрады. Сондай-ақ, аузы көбіктенеді, ішіп-жей алмайды, тыныс жолдары мен жұтынуы қиындап, ақыл-есі бұзылып сандырақтауы мүмкін және суға, жарыққа үрей пайда болады, бет әлпеті жаңа ғана жылаған адамға ұқсас келеді. Аузының сілекейі қоюланып желімделе береді, құтырып аласұрады. Өлім алдында талма ұстап, дене құрысып сал болып қалады.

Алдын алу: Егер сізге біреуді тістеген немесе қапқан хайуан құтырған болуы мүмкін деген ой келсе: Хайуанды байланыз, немесе бір апта сыртқа шығармай ұстаңыз. Тістеген жерді сабынмен, сумен және сутегі тотығымен жақсылап тазартыңыз, жараны жаппай ашық қалдырыңыз. Егер хайуан бір аптаға жетпей өлсе немесе ұстатпай кетсе зардап шеккен адамды ауруханаға апарыңыз.

Дәурен НҰРҚАДЫРОВ, ҚР АШМ ББҚК Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы тамақ өнімдері қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*
- * *бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*
- * *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2021 жылғы 1 қарашадағы №120-НҚ бұйрығына сәйкес 2021 жылғы 22 қаңтардағы «2021 жылғы 1 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіле отырып, жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтерге 2021 жылға арналған «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тарифтері мен тарифтік сметасын бекіту туралы» №08-ОД бұйрығына өзгерістер енгізілгенін, яғни жылу энергиясын есепке алу аспаптары жок, үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак тәрізді үйлерде орналасқан және тұратын тұтынушылар үшін жылыту төлемінің мөлшері өзгергенін хабарлайды.

Есепке алу аспаптары жок тұтынушылар үшін жылыту төлемінің мөлшері

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	ҚҚС-сыз төлем мөлшері	ҚҚС-мен төлем мөлшері
1	2	3	4	4
	Жылыту үшін төлем:			
1	Қазан	айына м2/теңге	29,40	32,93
2	Қараша	айына м2/теңге	135,76	152,05
3	Желтоқсан	айына м2/теңге	184,61	206,76
4	Қаңтар	айына м2/теңге	204,00	228,48
5	Ақпан	айына м2/теңге	171,87	192,50
6	Наурыз	айына м2/теңге	137,86	154,40
7	Сәуір	айына м2/теңге	6,65	7,45

Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жок, үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак тәрізді үйлерде орналасқан және тұратын тұтынушылар үшін жылыту төлемінің мөлшері

№	Көрсеткіштер атауы	Өлшем бірлігі	ҚҚС-сыз төлем мөлшері	ҚҚС-мен төлем мөлшері
1	2	3	4	4
	Жылыту үшін төлем:			
1	Қазан	айына м2/теңге	24,50	27,44
2	Қараша	айына м2/теңге	113,13	126,71
3	Желтоқсан	айына м2/теңге	153,84	172,30
4	Қаңтар	айына м2/теңге	170,00	190,40
5	Ақпан	айына м2/теңге	143,23	160,41
6	Наурыз	айына м2/теңге	114,88	128,67
7	Сәуір	айына м2/теңге	5,55	6,21

«Ұлттық сауда-тарату желісі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Қазақстан Республикасында көтерме-тарату орталықтарының интеграцияланған желісін құру. Алматы КТО-тарату құрылысы» жұмыс жобасы аясында ҚОӨБ бөлімін талқылау бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің: Алматы қ., «Алатау» шағынауданы, «Алғабас» ш.ауд. (егер тыңдаудың бір мәні бойынша қоғамдық тыңдаулар біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлікте өткізілсе) тізбесі.

Тыңдау 15.12.2021 ж. сағат 15.00-де Алматы қ., 2-ші Космодемьянская, 41/ Сағадат Нұрмағамбетов, 318, Көк-Төбе мекенжайы бойынша өтеді. Қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында бейнеконференция байланысқа онлайн қосылу ZOOM арқылы жүргізіледі. Сілтеме: <https://us02web.zoom.us/j/89866411460?pwd=RIkKCs1Rm5tcll2R2tqTDNRaFVmUT09>

Конференция идентификаторы 898 6641 1460. Күнiясе: 090903.

Ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарлас бес жұмыс күніне дейін ұзартылуы мүмкін;

Бастамашы – «Ұлттық сауда-тарату желісі» ЖШС, Тел.: 8775 950 5555.

Жобалау құжаттамасын әзірлеуші «МГТК «ҚазҚұрылысСервис» АҚ; Тел.: +7 777 338 88 01.

ҚОӨБ әзірлеуші – «МГТК «ҚазҚұрылысСервис» АҚ; Тел.: +7 777 338 88 01.

Порталға сілтеме: <https://ecportal.kz/Public/PubHearings/ShowDetails/1234>

Жоспарланып отырған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алуға, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін e-mail: julia.singaevskaia@kssmail.kz немесе +7 777 338 88 01 телефоны бойынша алуға болады.

ЖАО қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы ақпаратты жұртшылыққа таратылуын қамтамасыз етуге жауапты – Алматы қаласы Жасыл экономика басқармасы, Алматы қаласы, Республика алаңы, 4, тел.: +7 (727) 262-16-13, e-mail: uprtp@mail.ru.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 58-бабы, 2-тармағы, 73-бабы 1-тармағы негізінде 2021 жылы 6 желтоқсанда, сағат 15.00-де төмендегі мекенжайда: Алматы қаласы Наурызбай ауданы, «Таусамалы» ықшамауданы, Жандосов көшесі 1-үй, 1-мәжіліс залында Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі Медеу филиалы Алматы қаласы Медеу және Бостандық аудандарының аумағында орман орналастыру жобалары және толық көлемдегі анықтау кесімдері негізінде 2022 жылғы кесілетін ағаштарға байланысты қоғамдық тыңдау өткізілетіндігін хабарлайды.

Жоба материалдарына тапсырыс беруші: РММ «Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі».

Бас жобалаушы: РМҚК «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» alataupark@mail.ru немесе www.ile-alatau.kz веб сайтынан электронды пошталарынан материалдың электронды нұсқасын алуға болады, сондай-ақ осы электронды пошталарда жобаға ескертулер мен ұсыныстар қабылданады.

Байланыс телефоны: 8 (727) 297-07-72.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB–редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.



COVID-19-ға қарсы вакцина алғаннан кейін ауыру қаупі бар ма?



Вакцинация - коронавирус инфекциясына қарсы жалғыз қорғаныш шарасы, аурудың ауыр түрлерін, асқыну қаупін азайтады.



Егер сіз екпе алғаннан кейін ауруды жұқтырғанның өзінде, ол жеңіл түрде, асқынусыз өтеді.



Есте сақтаңыз

Симптомсыз пациенттер инфекция көзі болып табылатынын есте сақтаңыз! Бетперде тағуды, әлеуметтік қашықтықты, қол гигиенасын және жөтелу этикетін сақтауды жалғастырыңыз.



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

COVID-19-ға қарсы вакцина алғаннан кейін иммунитет қашан қалыптасады?



Бірінші дозаны салғаннан кейін **12-14 күн ішінде** бірінші иммундық жауап қалыптасады

осы кезеңде барлық сақтық шараларын сақтау керек: **бетперде тағу, қол гигиенасын, жөтелу «этикеті» және әлеуметтік қашықтық**



тұрақты иммунитет **32-45 күннен кейін**, ең көп дегенде **56 күннен кейін** қалыптасады



ҚР Денсаулық сақтау министрлігі
МЕДИА-ОРТАЛЫҚ

ӘУЕСҚОЙ ӘЛЕМ

Алма муралы

Алматылық суретшілер мен экоблогерлер ғимараттың қабырғаларына салынатын сурет өнері арқылы Алматыға «алманың отаны», «алманың бағы» мәртебесін қайтару мәселесіне тұрғындардың назарын аударғаны келеді.

Алматыдағы Абылай хан, 74 мекенжайындағы үйдің қабырғасына апорт алмасының суреті салынды. Жобаның бастамашысы – Тимур Елеусізов басқаратын Eсо Fund Tabigat қоры. Муралда алып алма ағашы, қып-қызыл үлкен апорттар, жүзі бал-бұл жанған қала тұрғындары бейнеленген. Сондай-ақ, композицияда «Алматы – алманың

қаласы, бұл тамаша!» деген ұран жазылған.

«Алма» муралын салу қаладағы ағаштар отырғызу дәстүрінің жалғасы деуге болады. Бұған дейін алматылық блогерлер мен экобелсенділер Алатау ауданындағы қарағайлы орманда жаңа алма бағын отырғызған еді. Бұл аумақты жоғарыдан қараған кезде алма ағаштарының орналасуы алманың пішінін бейнелейді. Осы экоакциядан кейін ұйымдастырушылар алматылықтардың қаланы алма бағына айналдыруға деген ынтасынан шабыт алып, алма муралының эскизін жасады.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

АНЫҚ-ҚАНЫҚ



Шыны керек, түзде жүргенде көбіміз қалташадағы бір рет қолданылатын шайды ішеміз. Жұмыс орнында да солай ыңғайлы.

Ал ғалымдар пакеттегі шайдың зиянын әлдеқашан анықтап қойған. Мәселен, зерттеушілер кішкентай қалташадағы шай бойына топырақтағы фторидтерді жинап алатын ескі жапырақтардан дайындалатынын алға тартады. Ал әлгі ұнтақ шайлар салынатын пакеттерді өндіретін кәсіпорындар қалташаларды хлормен ағартатын көрінеді. Сондықтан пакеттегі шай адамның ас қорыту жүйесі мен бүйрегіне әсер етіп, сүйегін зақымдайды, буын ауруына да шалдықтыруы мүмкін. Тістің эмалін құртады. Тіпті, бе-


Шайқорларға ескертпе

деулікке шалдықтыратынын да айтып отыр.

Байқайсыз ба, қалташадағы шайды кесеңізге салған мезетте қып-қызыл болып, тәбетті аша жөнеледі. Оған бояғыш қоспалар қосылады. Мамандардың пікірінше, шайды дұрыс іше білсек, ерте қартаймайды екенбіз. Мәселен, шайды аш қарынға ішпеңіз. Ас қорыту жолындағы ішкі мүшелер шайдың кесірінен зақымдануы мүмкін. Өте ыстықтай ішуге болмайды. Өйткені, ауыз бен жұтқыншақты, ас қорыту жолдарын күйдіреді. Суып қалған күйінде де ішпеген абзал, қақырық тұрып қалуы мүмкін. Дәріні шаймен ішуге болмайды, ол препараттың күшін жояды. Қайта-қайта демдеген шайдың да пайдасы жоқ.

Нұр ЖАМАЛ.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



Алматы – көшбасшы

ҚР Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде жасалған рейтингке сәйкес, Алматы ішкі туризм үшін де, шетелдік қонақтар үшін де тартымды Қазақстанның топ-3 қаласын бастап тұр.

Елімізде туризмді дамыту – басты бағыттардың бірі. Жылдан-жылға сектордағы жағдайды жақсарту үшін түрлі шаралар қабылдануда. Салаға салынған инвестициялар көлемі бойынша Алматы Түркістан облысынан кейін екінші орында тұр. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша мегаполис ішкі туризм бойынша келушілерге қызмет көрсету жағынан көшбасшы болды (447,2 мың адам), одан кейін Нұр-Сұлтан қаласы (289,5 мың адам) және Алматы облысы (165,9 мың адам) орналасқан.

Мейірімді жүрек

15 жастағы алматылық Карина Мингалеева ерекше печенье мен таңғажайып торттар пісіреді. Кондитерлік өнімдерді сатудан түскен барлық қаражатты өзге балалардың еміне жұмсайды. Қыздың өзіне «хондросаркома» диагнозы қойылған. Он жылдан астам уақыт бойы ол қатерлі ісікпен күресіп келеді. Мұндай созылмалы ауруды емдеу күш-жігермен қатар, көп қаражат керектігі белгілі. Енді Карина өзінің сүйікті ісінің көмегімен отбасына ғана емес, басқа да науқас балаларға көмектесіп жүр.

– Мен тәттілер пісіруді жақында бастадым, әлі тағы оқуым керек. Әр торт немесе тәтті қалай елестетсеңіз, дәл солай болып шығады. Нәтижесін көрген маған ұнайды. Бірақ менің бастан кешкенім оншалықты «тәтті» емес әрі өте күрделі. Тәттілер пісіруді мен еміме қаражат тауып, отбасыма көмектесу үшін қолға алдым. Өзім секілді балаларға да көмектескім келеді. Әрине, осы әлем үшін де әдемі нәрсе жасағым келеді. Әдемі және дәмді десерттер керемет емес пе? – деді жас кондитер. Биыл Карина кондитерлік курстардан өтіп, әп-



кесімен бірге шағын наубайхана ашты. Ол өзінің сүйікті ісін мектепте оқумен, гитарада ойнаумен және университетке түсуге дайындықпен біріктіреді.

Жастарға қолдау

санитария, арзан және таза энергия, жауапты тұтыну және өндіріс, климаттың өзгеруіне қарсы күрес.

– Бей-жай емес, әлеуметтік-бастамашыл жастар елімізді жақсы жаққа өзгертеді. Алты жылдан бері жобаның басым міндеті ретінде – қазақстандық жастардың талантты өкілдерін анықтау, оқыту және оларға елдің экономикалық дамуына өз үлестін қосуға көмектесу болып табылады, – деп атап өтті жоба бастамашысы Әлима Исембаева.

Үздік идеялардың авторлары

«Bootcamp» бірегей акселерация бағдарламасына қатысады, онда қарқынды оқу курсынан өтеді, инкубация бағдарламасын меңгереді және өз жобасын табысты іске қосу үшін қажетті практикалық дағдыларды алады, олар одан әрі мансапты дамытуда пайдалы болуы мүмкін. Байқау жеңімпаздарына өз идеяларын жүзеге асыру үшін грант бөлінеді. Өтінімдерді жинау кезеңі 2022 жылдың 31 қаңтарына дейін жалғасады.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.